



@farabishakirti.kz  
f @farabishakirti.kz  
i @farabishakirti.kz

Ushqyr oila! Brikke samǵa! Álemdi sharla!

# Farabı

№11  
ҚАРАША  
2024

## shákirti

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ  
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА, АРДАҒЕРЛЕРГЕ,  
АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

«Жасыл экономика —  
бүгiнiмiз бен ертеңiмiз,  
болашағымыздың таңдауы»



Дереккөзі: Kapital.kz





**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт**  
**Кемелұлы,**  
**Қазақстан Республикасының**  
**Президенті:**

## **БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ – ЕШҚАШАН ЕСКІРМЕЙТІН ҚҰНДЫЛЫҚ**

«Біз, Қазақстан халқы, өзгелердің теріс ықпалына түспейтін өз идеологиямызға сүйенуіміз керек. Біздің идеологиямыздың тірегі - мемлекетіміздің тәуелсіздігі. Ең бастысы - дұрыс сөйлеп, жақсы ниет білдіру ғана емес, нақты жұмыс істеп, игілікті іске күн сайын күш жұмсау. Бізге бос сөз емес, нақты іс керек. Оқыту-тәрбиелеу үдерісінде «Біз әртүрліміз, бірақ бәріміз теңбіз», «Қазақстанның халқы біртұтас» – деген қағидаттар көрініс табуға тиіс. Бұл - мызғымас әрі берік қағидаттар. Мемлекеттік саясаттың басты өзегі және жалпыұлттық бірегейлікті нығайтатын негізгі фактор - бірлік.

«Ортақ Отанымыздың тағдырына жанашырлығымыз біздің азаматтық сана-сезіміміздің өзегі болып қала береді. Ал ұлттық толеранттық, өткен заманның дәстүрлеріне және түрлі мәдениетке деген құрмет, мемлекеттік тілді және басқа да тілдерді білу – Қазақстан азаматтарына тән қасиеттер».

(Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың  
төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының  
«Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты  
XXXIII сессиясында сөйлеген сөзінен):  
«Egemen Qazaqstan» газеті, 26 сәуір, 2024 жыл

**Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына,  
сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал**

### **№11 (63) қараша 2024**

**Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап,  
айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)**

**Шығарушы және меншік иесі**  
**«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС**

**Директор-Бас редактор: Жанастан КУЧУКОВА**  
**Тілшілер: Жұлдыз ӘБІЛ,**  
**Тамила ИБРАГИМОВА**  
**Безендіруші-дизайнер: Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**

**Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,**  
**Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.**  
**Тел.: +7 701 730 9312**  
**E-mail: farabi\_shakirti@mail.ru**  
**ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік  
басылымды қайта есепке қою туралы КУЭЛІК № KZ28VPY00092839  
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.  
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық  
бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу  
орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына,  
ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.  
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы  
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:  
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында  
капталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен  
олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

# «Адал еңбек ердің досы, Бақ іздеудің жолы осы»

Қазақтың әйгілі халық  
ақыны, композитор.  
Қазақстанның еңбек  
сіңірген өнер қайраткері  
– Кенен Әзірбаевтың  
даналық сөздері



\*Есті кісі ерегеспейді,  
Көпшіл адам бөлек ішпейді.

\*Бойкүйез, арамтамақ жатып ішер,  
Жаман дерт осы бастан сақтаныңдар.

\*Қазанат қамшы тигізбейді,  
Азамат жоғын білгізбейді.

\*Ұялмайтын бетке,  
Талмайтын жақ береді.

\*Қызың жақсы болса қырымдағы келер,  
Ұлың жақсы болса рудағы келер.

\*Топастар тойғанға мәз,  
Түбін ойлар адамдар аз.

\*Дегбірсіз ат сілкінгіш,  
Дегбірсіз ақын жұлқынғыш.

\*Ақындардың айырмасы бар,  
Өн мен күйдің қайырмасы бар.

\*Бір ағашта қанша бұтақ,  
Біреуі ғана қамшыға сап.

\*Озбайтын ат ұрыншақ,  
Ұзамайтын жігіт ұрысқақ.

\*Адамның мінезі әр түрлі,  
Ел біледі нарқынды.

## СЕКСЕН

Атақты сексен, келдің бе,  
Алайын деп сырымды.  
Сезікті сексен, келдің бе,  
Табайын деп мінімді.  
Сүйкімсіз сексен, келдің бе,  
Қатырғалы буынды.  
Айналдырмай аулақ жүр,  
Көрсетпеймін шенімді.  
Тұсауым жоқ аяқта,  
Сүйенгем жоқ таяққа.  
Сыралдыр ман сексенге,  
Тоқсан, жүзің қай жақта?  
Биыл келдім сексенге,  
Тай үйретем тепсеңге.  
Екі Кенен тумайды,  
Алатауға ексең де.

Дереккөзі: [Bilim-all.kz](http://Bilim-all.kz); [Zharar.kz](http://Zharar.kz)



# ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҰҚШҰ ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ҚҰРАМДАҒЫ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ



## **Астанада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ұжымдық қауіпсіздік шарты туралы ұйымының Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясы өтті.**

Саммитке Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин және Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон келді. Сонымен қатар сессия жұмысына Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Бас хатшысы Сергей Лебедев пен Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Чжан Мин қатысты.

Мемлекет басшысы сессия жұмысын ашып, жиын қатысушыларына ризашылығын білдірді.

– Бүгінде ҰҚШҰ ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздейтін тиімді әрі қажетті халықаралық құрылымға айналды. Ұйымның даму жылдарында мүше мемлекеттер көптеген мәселе бойынша өзара ықпалдастық жасап, мол тәжірибе жинады. Ауқымды нормативтік-құқықтық база қалыптасты. Қазіргі сын-қатерлер мен қауіптерге қарсы күрес тетіктері жолға қойылды. Ұжымдық қауіпсіздік күштері мен құралдары жасақталып, қалыпты қызмет етіп жатыр. Беделді халықаралық және өңірлік ұйымдармен конструктивті ынтымақтастық орнатылды, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев шағын құрамда өткен отырыста мемлекеттер басшылары халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері

жөнінде пікір алмасқанын айтты. Сондай-ақ Қазақстанның төрағалығы аясында ҰҚШҰ-ның биылғы қызметі қорытындыланғанын жеткізді.

– Кездесу қорытындысы ұжымдық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерге қарсы жұмыла әрекет етуге дайын екенімізді тағы да растады. Пікірталас барысында халықаралық күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ұстанымдарымызды жеткіздік. Біздің қазіргі жағдайға ортақ бағамыз және ҰҚШҰ-ның одан әрі дамуына көзқарасымыз Қазақстанның бастамасымен әзірленген Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің декларациясында көрініс тапты. Ұлы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеуге ерекше мән берілді. Ардагерлердің майдандағы және тылдағы ерлігі есімізде мәңгі сақталады. Оларды әрдайым мақтан тұтамыз, құрметтейміз. Айтулы мереке қарсаңында ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің мәлімдемесін қабылдау, сондай-ақ Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай мерекелік іс-шаралар жоспарын бекіту маңызды деп санаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстанның ҰҚШҰ-ға төрағалығы аясында Ұйым жарғысына сай ынтымақтастық бағыттары бойынша 60-қа жуық іс-шара ұйымдастырылған. Халықаралық аренада келісілген ұстанымдарды



ілгерілету бойынша серіктестермен бірлесе жұмыс жүргізілді.

– Биыл қабылданған саяси құжаттар легіне ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің жалпы бағалауы негіз болды. Олардың ішінде халықаралық ақпараттық қауіпсіздік, ғарыш саласындағы ынтымақтастық мәселелері мен Таяу Шығыстағы ахуалға байланысты, сондай-ақ Белоруссияны басқыншылардан азат етудің 80 жылдығына орай қабылданған мәлімдемелер бар. Жыл бойы ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарының әскери дайындығына мұқият назар аударылды. Бүгін біз ҰҚШҰ күштері мен құралдары мәртебесіне және әскери контингентті тасымалдауға қатысты халықаралық келісімдердің екі хаттамасына қол қоямыз. ҰҚШҰ-ға мүше елдердің бітімгерлік күштерінің дайындық деңгейі мен жауынгерлік машығын жетілдіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қыркүйек-қазан айларында елімізде «Мызғымас бауырластық-2024» ҰҚШҰ Бітімгершілік күштерінің командалық-штабтық оқу-жаттығулары мен «Жартас-2024» ҰҚШҰ арнайы оқу жиыны өтті. Аса қауіпті нысандардағы күрделі апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізудің бірлескен іс-қимылы пысықталды, – деді Қазақстан Президенті.

Президент жыл бойы өзекті сын-қатерлерге қарсы іс-қимыл мәселесіне ерекше ден қойылғанын айтты.

– Қазақстан мен ҰҚШҰ-ға мүше басқа да елдер аумағында бір уақытта «Наемник», «Канал», «Нелегал» және «ПРОКСИ» секілді арнайы операциялардың түрлі кезеңдері өтті. Бұл іс-шаралар халықаралық терроризмге, есірткі саудасына, заңсыз көші-қонға және ақпараттық ортадағы сын-қатерлерге қатысты қауіптің алдын алуды көздейді. Биыл біздің бастамамызбен алғаш рет заңсыз қару-жарак, оқ-дәрі айналымына және ұйымдасқан трансұлттық қылмысқа қарсы іс-қимыл жөнінде консультациялар өтті. ҰҚШҰ аясында арнаулы жұмыс тобын құру мәселесі пысықталып жатыр. Қазақстан төрағалығының үйлестіруімен Тәжік-ауған шекарасын нығайту жөніндегі ҰҚШҰ-ның мақсатты мемлекетаралық бағдарламасын дайындау жұмыстары аяқталды. Құжатты әзірлеу 2013 жылы басталған болатын. Бүгін біз Ұйымның оңтүстік шебіндегі қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған осы маңызды шешімге қол қоямыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ҰҚШҰ төрағасы ретінде Қазақстан айқындаған басымдықтар жүйелі әрі қарқынды түрде жүзеге асырылып келеді. Серіктестердің қолдауына

сүйене отырып, ҰҚШҰ аясында аталған бастамаларды одан әрі ілгерілету ісі белсенді жалғасады. Мемлекет басшысы Ұйымның Бас хатшысына, ҰҚШҰ-ның Тұрақты кеңесі мен жұмыс органдарына атқарылған ауқымды жұмыс үшін ризашылығын жеткізді.

ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кеңейтілген құрамдағы сессиясы барысында Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров пен ҰҚШҰ Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетов сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровты 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҰҚШҰ-ға төрағалықтың Қырғыз Республикасына өтуі туралы шешімнің қабылдануымен құттықтап, қырғыз тарапының жауапты міндетті табысты атқаруына тілектестік білдірді.



Жиын қорытындысы бойынша мемлекеттер басшылары Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің декларациясын қабылдап, бірқатар құжатқа қол қойды. Тәжік-ауған шекарасын нығайту жөніндегі ҰҚШҰ-ның мақсатты мемлекетаралық бағдарламасы бекітілді.

Сонымен қатар президенттер Ұлы Жеңістің 80 жылдығына байланысты мәлімдеме қабылдап, келесі жылы осы айтулы датаға орай ұйымдастырылатын мерекелік іс-шаралардың жоспарын бекітті.

Астанада қабылданған құжаттар Ұйым мен ұжымдық қауіпсіздік жүйесін барлық мүше мемлекеттердің мүддесіне сай кешенді түрде дамытуға бағытталған.

Akorda.kz  
2024 жылғы 28 қараша





## АЛАТАУ

Алатау, туып өстім алабыңда,  
Жетісу желі жұпар самалыңда,  
Атанып әнші-ақын еркеледім,  
Сауықшыл қырғызы мен қазағына.  
Аспанмен тайталасқан Алатауым,  
Баурыңда жайнап жатыр колхозды аулым.  
Сәулетті астанам тұр Алматыдай,  
Желпіңтіп, желпілдетіп бақ пен бауын.  
Жетісу жері де бай, елі де бай.  
Жемісі қырық түрлі кені де бай.  
Алыстан асқарыңа көз жіберсем,  
Арманым басылмайды ән шырқамай.

1929-1947

Кенен ӘЗІРБАЕВ

## БАТА

Келіндер, жай қолыңды бата берем,  
Мен-дағы сыйлай берсең жата берем.

Көгерсін көсегең,  
Көп болсын төсегің,  
Жаялық жайғанда  
Кеппесін неше күн.  
Сұлулық еңбекте,  
Еңбектен өнбекте.  
Қосағың, серігің,  
Адал бол еркекке.  
Қосылған жарыңның  
Көзіне шөп салма.  
Абырой, арыңның  
Бетіне дерт салма.  
Қиынын бер де,  
Қисыны кел де,  
Қолда барыңа,  
Береке бер де!

1959

## АЛАТАУДЫҢ АЙНАСЫ

Айнасы Алатаудың төбесінде,  
Жүзінді жасыл көлден көресің бе?  
Көл жасыл, күз де жасыл, мұз да жасыл,  
Өне бір көкке ұмтылған көгершін бе?  
Құзының қиясына баспаған жан,  
Болмаса биік ұшқан ұлар мен аң.  
Талғарды шөл қандырар сабасында,  
Қайран көл гүмп-гүмп етіп толықсыған.  
Айнасы Алатаудың Есіккөлі,  
Атамның мекендеген бесік көлі.  
Сұлу көл ұл, қызымның көңіліндей,  
Кәнеки жүзіндерші, есіп көлді!

1959

## АЛТЫН КҮЗ

Жаз арты, күздің алды, мизам жайы,  
Сентябрь, октябрьмен табыс айы,  
Күн – піспек, жұлдыз – көбік, жер – кек саба,  
Толықсып толған айдай түспек майы.



Табиғат алтын түгін, інжу дөнін  
Еңбек сүйгіш ерлерден аямайды.  
Алтын күз жанға жайлы қоңыр салқын,  
Қойыпты «жомарт күз» деп тауып атын.  
Ақ бидай, арпа, сұлы, дала аруы,  
Сан түрлі жемістері жейтін халқым.  
Алтын күз аямайды піскен дөнін,  
Диханшы алсын шашпай, түскен дөнін.  
Аралап колхоз, совхоз кәрі-жасқа,  
Осылай еңбекші елге айтқан әнім.

1966

## БІР ӨСИЕТ ЖАСТАРҒА

Көп жасаған көпті көрмей қалмайды,  
Дүние шіркін адамзатты алдайды.  
Ата-анадан малды жақсы көрсең де,  
Сұм қара жер соның бәрін жалмайды.  
Дүниені көрмек үшін келіппіз,  
Жаратылыс тамашасын көріппіз.  
Ай менен күн жарық беріп тұрса да,  
Надан болып көр соқырға еріппіз.  
Жалғыз өскен көктеректе пана жоқ,  
Жалғыз жүрген ер жігітте баға жоқ.  
Елдің қамын ерте бастан ойлаған,  
Лениндей адамзатта дана жоқ.  
Бұл дәуірдің білімі көп, білемін,  
Жасым өтіп арманда боп жүремін.  
Барша жұрттың кәрі-жасы көзі ашық,  
Ұрпақтарым оқындар деп тіледім.  
Ескі әдетті, надандықты тастандар,  
Ғылым білген айға ұшып аспандар.  
Мұхит дария асты-үсті үй болды,  
Мұның бәрі білім күші, жас балдар.

## ҚОРДАЙ

Тасы да алтын, Қордайдың тауы да алтын,  
Басы да алтын, Қордайдың, бауыры да алтын –  
туған жер.  
Егінге бай, малға жәй, топырағы май,  
Шөбі шүйгін көк торғын, желі салқын –  
туған жер.

### Қ а й ы р м а с ы:

Компартия данамыз,  
Қордайда өскен баламыз.  
Еңбек десе екпіндеп,  
Шаттық әнге саламыз.

Мақтарлықтай Қордайдың тау, даласы,  
Мөлдір бұлақ, күміс су сай-саласы –  
туған жер.  
Көлемінде гүлденген колхоз, совхоз,  
Еңбек сүйгіш, кең пейіл кәрі, жасы –  
туған жер.

### Қ а й ы р м а с ы.

Көз жіберсең Қордайдың аймағына,  
Өсіп жатыр көбейіп мал, жаны да –  
туған жер.  
Партияның бастаған арқасында,  
Гүлденіп тұр қарасаң қай жағына –  
туған жер.

### Қайырмасы.

1959

azirbayev.kz

Суреттер: Ernur.kz;

Jasqazaq.kz; Зеленое спасение







## ҚАЗАҚТЫҢ ТҰНҒЫШ АНТРОПОЛОГЫ

### Оразак Смағұлов:

«Менің физикалық-антропологиямен айналысқаным 50 жылдан асты. Осы физикалық-антропологиялық материалдарға сүйенсек, қазақтар осы өңірде 4 мың жыл бойы мекендеп келеді. Біздің бабаларымыз ежелгі тас, темір дәуірлерінде, антикалық қола дәуірінде, бертіндегі Түркі қағанаты заманында дәл осы атамекенінде өмір сүрген. Нақты ғылыми дәлелдердің өзі ұрпақтар сабақтастығының 40 ғасырға жететінін көрсетеді. Халқымыздың осындай көне тарихын айғақтайтын материалдарды қазіргі қазақтардың дене құрылысынан, қандарынан, тері бедерлерінен, дәм сезімдерінен, қаңқа сүйектерінен, тіс құрылыстарынан анықтай алдық».

Бар ғұмырын ғылымға арнаған тұлғалар болады. Олар тек қана ой еңбегінің иесі сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ кей ғылым саласына бел шешіп, білек сыбана кірісіп, тау асып, тас басуға тура келеді. Сондай ой еңбегі мен дене еңбегін өмірінің мәніне айналдырған ғалымның бірі де бірегейі Оразак Смағұлов болса керек. Өйткені бір елдегі тың ғылымның жолын ашып, негізін қалап, сол салада өлшеусіз еңбек істеген кісінің өмірі мәнсіз өтті дей алмайсыз.



**Уахит ШАЛЕКЕНОВ,  
тарих ғылымдарының докторы**

*«Оразақ Смағұлұлы ұлтының тарихы мен тағдырына шынайы жаны ашып жүрген гуманист ғалым. Біздің қазақ тегі мықты халықтардың бірі. Сондай мықты халықтың ата-тегін тектеп, зерттеп, үлкен ғылыми еңбектер жазып жүрген ғалымдардың бірі - осы Оразақ Смағұлұлы. Ол жарқырап тұрған жас шағында Қазақстанның әрбір өңірін аралап, рулар мен тайпалардың антропологиялық қандарын зерттеп еңбек жазды. Өкінішке қарай ол еңбегі кеңестік саясаттың құрығына ілініп, кітабы өртелді. Міне, бүгінгі мерейтой иесі осындай қиыншылықты көрген азамат».*

Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, «Құрмет» орденінің, Халықаралық Түркі академиясының «Алтын Жұлдыз» медалінің иегері Оразақ Смағұлов 2014 жылдан бастап Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде физикалық антропология зертханасын ашып, қазіргі күні де сонда қызмет етіп келеді.

Қазақстанның тұңғыш антропологи, белгілі этнолог Оразақ Смағұлов қазақ халқының қырық ғасырдан бері келе жатқан этнос екенін елу жылдан аса уақыт зерттеп, биологиялық тұрғыда анықтады. Қазақтар антропологиялық ерекшелігі жағынан Еуразияда тұрып жатқан халықтардың ешқайсысына ұқсамайтын этнос екенін дәлелдеді. Ғалым осы жетістікке жетуіне Қаныш Сатпаевтың ерекше қолдау көрсеткенін тебірене еске алады. ««Егер (Қаныш Имантайұлы) Сатпаевтың антропологияға деген түсінігі дұрыс болмаса, бүгінгі күні Қазақстанның антропология ғылымы да, оның маманы Оразақ Смағұлов та болмаған болар еді», - дейді О.Смағұлов.

Антропология – адамның морфологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін зерттейтін ғылым, яғни бір халықтың түп-тамырын анықтайтын ілім.

Осы ғылым Қазақстанда жоқ кезде Оразақ Смағұловты жетелеген кім? Бұл салаға ғалым қалай келді? Бір сұхбатында осы сауалдарға былай деп жауап берді.

— Жас кезімізде өзімізге ұнайтын бағытты таңдап алу мүмкіншілігі өте аз еді. Өйткені соғыстан кейінгі жылдар өте ауыр болды. Басымызға түскен соғыстың ауырлығы сондай, егер алға ұмтылып оқымасақ, надандықтан, қараңғылықтан көзіміз ашылмайтынын жеке басымыз түсінді. Сөйтіп 1950 жылы ҚазМУ-дың (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) тарих факультетіне оқуға

түстім. 1951 жылы археологиялық экспедицияға Жетісу өңіріне бардық. Онда мәдени қалдықтарды, археологиялық бұйымдарды жинайды екен де, адам сүйектерін қайтадан орнына көміп кетеді екен. Оны неге олай істейтінін сұрағанымда, зерттейтін маман жоқ деді. Жаспыз ғой, бұл салада да бірдене бар шығар деген ой келіп, күздігүні мединституттың адам анатомиясы кафедрасын басқаратын профессор Нұрыш Бөкейхановқа келіп көргенімді айттым. Сол сүйектерді зерттеп, анықтама жасауға болмай ма деп сұрадым. Марқұм сол кезде қуанғаны сондай, «мұндайды да талап ететін жас бар екен ғой» деп мені кеп құшақтады. Дереву институттың оқу бөлімінің проректорын шақырып, мені таныстырды. Сөйтсем бұл адам да 30-шы жылдары антропологияны оқымақшы болған, бірақ ол саладағылар қудаланып жатқан соң медицинаға ерксіз келген екен. Ол да құшақтап, қуанды. Мені мединститутқа да студент ретінде тіркеп қойды. Кездейсоқ соған мен тап болдым. Осындай адамдарға кездесу, олардың қол үшін беруі Құдайдың берген бағы ғой деп ойлаймын. Сөйтіп төрт жылда екі институтты қатар оқып бітірдім ғой, – дейді антрополог.

Ол заманда Қазақстанда бұл саланы оқытатын маман да, оқулық та болмаған. Сондықтан ол әу баста мәйітханаларда жұмыс істеген. Бағына жарай Оразақ Смағұлов оқу бітірген соң 1957 жылы Қазақ-КСР Ғылым академиясының жолдамасымен Мәскеудегі Миклухо-Маклай атындағы этнография институтына (қазіргі этнология және антропология институты) аттанады. Осылайша ғылымдағы жолы ашыла түскен жас ғалым аспирантураны да осы оқу орнынан бітіреді. Алайда кандидаттық тақырыбына байланысты кедергілерге тап болады.

Дәл осы кезде Қаз-КСР Ғылым академиясының басшысы Қаныш Сатпаевқа жолығудың сәті түседі. Сатпаевқа Қазақстанда сүйек қорының жоқтығы алдағы зерттеуіне тұсау болып отырғанын жеткізеді. Бұл 1958 жылы болатын. «Сол кезде Қаныш Сәтпаев маған он екі мың рубль (ол кезде төрт «москвичтің» ақшасы еді) қаражат бөліп, бір машинамен қоса төрт жұмысшыны қасыма қосып беріп, үш айға экспедицияға жібереді», - дейді Смағұлов. Осылайша Қазақстандағы зираттарды қазуға жол тартады. Ашаршылық жылдары иесіз көмілген қазақтардың сүйегі бар Шұбартау ауданына, Қоянды жәрмеңкесі өткен Қарасор көліне барады.

**Майгүл Сұлтан,**

«Қазақстан тарихы» порталы, Қазинформ; Ult.kz



# Солтүстікқазақстандықтар Г.Зенченкоға құрмет көрсетті



Ауыл шаруашылығы саласындағы ерекше жетістіктері үшін «Қазақстанның еңбек ері» атағы «Зенченко и К» КС бас директоры Геннадий Зенченкоға берілді. Жоғары атақты Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында табыс етті. Бүгін облыс жұртшылығы Геннадий Геннадьевичке құрмет көрсетіп, мемлекеттік награда алуымен құттықтады. Облыс әкімі Гауез Нұрмұхамбетов бұл атақ - солтүстікқазақстандық диқаннның еңбегіне берілген жоғары баға деп атап өтті.

"Геннадий Геннадьевич Зенченко — ауыл шаруашылығы саласында даңқты еңбек әулетін жалғастырып келе жатқан елімізге танымал тұлға. Оның агроөнеркәсіптік саладағы басшылығы, еліміздің ауыл шаруашылығын дамытуға деген адалдығы мен елеулі үлесі зор алғысқа лайық. Құрметті атақ — Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігі мен өркендеуіне үлес қосып жатқан еңбек адамына құрмет пен алғыстың көрінісі", - деп жазды өңір басшысы.

Жиналғандар алдында сөз сөйлеген СҚО әкімі Гауез Нұрмұхамбетов бұл оның еңбегін жоғары бағалау екенін атап өтті. Ол ауыл шаруашылығының дамуына және елдің азық-түлік қауіпсіздігіне үлкен үлес қосады.

Геннадий Зенченко-біздің еліміздегі әйгілі

тұлға, ол аграрлық саладағы батырлардың даңқты еңбек әулетін жалғастыруда. Оның әкесі Геннадий Иванович «Қазақстанның Еңбек ері» атағына ие болды.

Бүгінгі таңда «Зенченко және К» КС - бұл ауқымды технологиялық және әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру орталығы. Заманауи цифрлық сүт фермалары, сүт зауыттары іске қосылды. Қазір Қазақстан мен Орталық Азиядағы ең ірі сүт кешенінің құрылысы жүріп жатыр. Шаруашылықта заманауи агротехнологияларды қолдану мен мемлекеттің қолдауының арқасында жыл сайын жоғары өнімділік тіркеледі.

**Геннадий Зенченко - «ЗЕНЧЕНКО ЖӘНЕ К» КС бас директоры, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК ЕРІ:**

— Әрине, бірінші кезекте Мемлекет басшысына менің еңбегімді бағалағаны үшін ризашылығымды білдіремін. Бұл марапатқа ие болу үшін ұзақ әрі қиын жолды



жүріп өту керек. Бірінші кезекте өңір халқынан бастап, ұжымыма, ауыл шаруашылығы министрі мен премьер министрге рахмет айтамын!

Айта кетейік, Президент ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің бірінші форумында отандық өнім сапасының артуын жоғары жетістік деп бағалап, осы бағыттағы жұмыстарды одан әрі жоғары деңгейде жүргізуді тапсырды.

**Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің  
ресми сайтынан;  
Kyzyljar tv**





## «Жас Сәтбаевшылар» жас ғалымдардың І конгресі қазақстандық ғылымның болашағына қадам

Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы ұйымдастырған «Жас Сәтбаевшылар» атты Қазақстан жас ғалымдарының І конгресі өтті. Бұл конгресс атақты ғалым, академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналды. Іс-шараға өздерінің инновациялық жобаларын ұсынған 100-ден астам болашағы зор зерттеушілер қатысып, елдегі ғылымның өзекті мәселелерін талқылады.

ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев өз сөзінде Қазақстанның болашағын қалыптастырудағы жас ғалымдардың маңызды екендігін атап өтті: «Жас ғалымдар – ұлы ғалым, академик Сәтбаевтың ізбасарлары! Бүгінгі жиынның Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының негізін қалаушы, ұлы ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 125 жылдығына орай «Ғылым ордасы» ғимаратында «Жас Сәтбаевшылар» деген ұранмен өтуі өте маңызды. Бұл Конгресс – биылғы жылы елімізде «Сәтбаев жылы» деп жарияланған бірқатар ғылыми іс-шаралардың соңғы кезеңі болды. Біздің басты мақсатымыз – Қазақстандағы ғалымдарына жан-жақты дамуы үшін ғылыми тұрғыда жоғары деңгейлі елдердегідей жағдай жасау».

Конгресте Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің құттықтау сөзі оқылды: «Жас ғалымдардың І конгресінің ашылуы – қоғамда білім мен ғылым культін қалыптастырып, оны барынша орнықтыруға ықпал ететін маңызды бастама. Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаев ғалымдарды қолдауға айрықша мән береді. Елімізде дарынды әрі еңбекқор жастардың сапалы білім алып, ғылыммен шұғылдануына барлық жағдай жасалған. Бүгінгі басқосу – соның айқын дәлелі».

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Маулен Әшімбаев өз сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ғылымды дамытуға үлкен мән беретінін атап өтті: «Президентіміз атап өткендей, ғылым мен инновация – әділ, инклюзивті және бәсекеге қабілетті экономика құрудың басты тірегі», – деп атап өтті М.Әшімбаев.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов құттықтау сөзінде білім мен ғылымның ел дамуындағы стратегиялық бағыт екенін атап

өтті: «Ал ғылыми зерттеулерді өрістету – экономикалық өсімнің, әлеуметтік прогрес пен тұрақты дамудың берік негізі», – деп атап өтті Е. Қошанов.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек өз сөзінде жас ғалымдарды қолдауға бағытталған мемлекеттік шаралар туралы айтып, шетелдік зерттеу орталықтарында тағылымдамадан өтуге, халықаралық конференцияларға қатысуға мүмкіндік беретін бағдарламалар іске асырылып, және халықаралық деңгейдегі ғылыми қоғамдастыққа кірігуіне барлық жағдай жасалып жатқандығын атап өтті.

Конгресте отандық ғылымды дамытудың өзекті мәселелері талқыланды. Қатысушылар ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын анықтап, елдің қажеттілігіне сай ғылыми қызметтің ең перспективалы бағыттарын анықтады. Сондай-ақ, ғалымдар халықаралық байланыстарды кеңейту және шетелдік сарапшыларды тарту мүмкіндіктерін қарастырды. Конгресте жас зерттеушілерді қолдаудың жаңа тәсілдері, атап айтқанда, гранттар, стипендиялар және шетелде тәжірибе жинақтау мүмкіндіктері ұсынылды.

Конгресс нәтижесінде Академия жанынан Жастар ғалымдар кеңесі құрылды.

Конгресс барысында жас ғалымдардың заманауи инновациялық жобаларының көрмесі, пленарлық форум, «Қаныш Сәтбаев феномені» кітабының тұсаукесері, ғылыми конференциялар, дөңгелек үстел және нетворкинг өткізілді. «Жас Сәтбаевшылар» конгресі жас ғалымдарға өз зерттеулерін кең аудиторияға ұсынуға, Қазақстанның жетекші ғалымдарымен байланыс орнатуға, әлеуетті серіктестер мен жұмыс берушілермен кездесуге, ғылымдағы өзекті мәселелерді талқылауға және оларды шешу жолдарын табуға тамаша мүмкіндік берді. Әсіресе, ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерциализациялау мәселесіне ерекше назар аударылды.

«Жас Сәтбаевшылар» атты жас ғалымдардың І конгресі Қазақстан ғылымындағы маңызды оқиғаға айналды. Қатысушылар ғалымдар мен мемлекет бірігіп күш салу арқылы елдегі ғылыми зерттеулер деңгейін айтарлықтай арттыруға болатынына сенімді.

qazscience.gov.kz



# Өмір шынымен біз ойлағандай қиын ба?

Өмірді әр адам әртүрлі қабылдайды. Байқағаным, қазір тәуелсіз мемлекетте тұрғанымен, мүмкіндікке толы әлемде кейбір халық өмірді «қиын» деп санайды. Неше түрлі әңгімелерді ести отырып «Өмір шынымен біз ойлағандай қиын ба?», - деген сұрақ туындап, осы тақырыпты зерттеп көрейін деп шештім. Сонда осындай қызықты ақпараттар білдім. Біз өмірді «қиын» деген сайын өмір шынымен қиындай бастайды, бұның себебі неде? Қазір осы сұраққа жауап беретін әлеуметтік желілерде, кітаптарда бірнеше мәлімет айтылды. Осыдан қандай адамдардың ізденбейтінін, бір орында тоқтап қалғандығын байқаймыз. Сонымен, жауабына келсек, біз өзіміздің миымызды алдау арқылы өзіміз соған сенеміз. Өмір қиын деген сайын біз тек жаман, қайғылы оқиғаларды, іс-әрекеттерді байқаймыз. Керісінше, өмір “тамаша” деп айтып, соған сенсек, шынымен тек керемет сәттерді ғана байқаймыз. Бұл тек осы өмірге деген көзқарасқа ғана қатысты емес, әрбір салаға байланысты. Сол үшін әрбір істі істегенде “қызықсыз, маған керек емес, істегім келмейді” деген сөздерден қашық болғанымыз жөн. Өмір қиын емес, қиын сәттер болады. “Әрбір қиындықтан соң жеңілдік бар” соны ұмытпауымыз қажет. Мысал ретінде, 11 сыныптар ҰБТ кезінде немесе мамандық таңдай алмаған кезде өмірді “қиын” санайды, бірақ өмір емес дәл сол сәт қиын. Келесі жылы олар мүлдем оны ұмытады. Сонда бүкіл өмірі емес, тек сол уақыты ғана оңай болмайды.



Қорқыт ата “Бас аман болса бөрік табылады” деп бекер айтпаған. Егер ойланып қарасақ, деніміз сау, басымыз аман болса, кез-келген мәселеден өтіп, мақсаттарымызға жете аламыз. Тіпті, 12 мүшесі түгел болмаса да, ауытқулары болса да жетістікке жетіп жатқандардың саны аз емес. Қарапайым адамдардан бизнесмендерге айналып жатқандардың саны да жетерліктей.

Мен Ник Вуйчичке таң қалам. Өзінің кемшілігіне қарамастан, жеке кәсібін ашып, өзінің диагнозына ұқсас адамдарға көмектесуге бар күшін салады. Тағы бір қызық мәлімет: ол тек бір аяғын қолданып, мүгедектер арбасын компьютер мен ұялы телефон арқылы басқарып үйренді. Осылай еш себепке қарамастан жетістіктеріне жетіп жүргендерді қатты құрметтеймін.

Өмір тек ақтан ғана емес, қарадан да тұрады. Біреу үшін кейбір заттар оңай жасалып, біреуге қиын болуы мүмкін. Әрбір адам-жеке тұлға. Ешкіммен өзімізді салыстырып, өмірді қиындату қажет емес. Әркімнің өзінің тағдыры, жолы бар. Бастысы өзімізге ұнайтын жұмыспен айналыссақ, өмірге деген көзқарасымыз айтарлықтай өзгереді. Ешқашан сөнбей, тек алға жүру керек.

**САТТЫБАЕВА Еркенур Маратовна,**  
**Абай атындағы РММИ**  
**11 «Б» сынып оқушысы.**  
**Алматы қаласы,**

**Сурет: В контакте, «Білімділер порталы»**



Елімізде жыл сайын «Валюта күні» мерекесі 15 қарашада атап өтіледі. Бізге әр тиын, әр символ, әр нышан мемлекетіміздің өткені мен болашағын, оның дауысы мен тынысын жеткізеді.

Валюта – бұл жай ғана сандық құндылық емес, ол күн сайын өзгеріп, елдің экономикалық және рухани беделін айқындайтын тірі ағза іспеттес.

1992 жылы 27 тамыз күні Ұлттық банк теңге купюрасының үлгілерін бекітті. Қазақ валютасын дизайнын, үлгісін қоғамға танымал суретшілер Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Әбжәлелов еді. 1992 жылы теңге дизайнындағы сурет, символдың нұсқалары ұсынылып, қоғамда талданып, соңғы нұсқасы бекітілді. 1993 жылы алғашқы теңге Англияның «Харрисон және ұлдары» фабрикасында басылды. Теңгені елге тасымалдау үшін ИЛ-86 ұшақтары 18 мәрте қатынады. Төл валютамыздың алғашқы партияларын сақтау үшін арнайы жерасты қоймалары дайындалып, дәл осы қоймалардан ұлттық теңгеміз еліміздің барлық өңірлеріндегі банктерге жеткізілген еді. 1993 жылдың 12 қарашасы күні Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан Республикасында ұлттық валюта енгізу туралы» Жарлыққа қол қойды. 1993 жылы 15 қарашада ҚР ұлттық валютасын айналымға енгізеді. Бұған дейін елімізде КСРО рублі қолданылып келген болатын.

Егемендік алғаннан кейін, еліміз өз экономикасын басқаруға мүмкіндік алу үшін ұлттық валюта енгізуді мақсат етті. Осылайша, бабаның қаны, ананың көз жасымен келген еліміздің өз валютасын шығару, оны



қолдану арқылы экономикалық тұрақтылыққа қадам жасалды. Теңге айналымға енгізгелі бері мемлекетіміз қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізді деп ойлаймын.

Көптеген мемлекеттің валюталарында белгілі тұлғалардың суреттері бейнеленген. Бірақ жапон иенінде әдеттегідей саясаткерлер емес, мәдениет пен өнер қайраткерлерінің бейнелері қолданылады. Мысалы, 1000 иендік купюрада атақты жазушы Нацумэ Сосэки, ал 5000 иендік жазушы Итиё Хигутидің бейнелері бар. Бұл жапон халқының мәдени құндылықтарына деген құрметін білдіреді. Еліміздің теңгесінде ұлттың ұлы тұлғалары бейнеленген. Әрбір теңгеде бейнеленген тұлғалар, ұлттық өрнектер халқымыздың тарихи болмысын бейнелейді. «Киелі жерде



кие бар»- демекші, теңге - еліміздің мәдени және рухани байлығының символы. Әбу Насыр әл-Фараби, Абай Құнанбаев секілді тұлғалар бейнеленген теңге – халықтың даналық пен білімге деген құрметін білдіреді. Теңгені құрметтеу – өзімізді, тарихымызды, ұрпағымызды құрметтеу.

Ұлттық, төл мерекеміз тұғырлы болсын!

**Нұртілеу ТҰРЛЫБАЙ, Алматы қаласы,  
Абай атындағы РММШ  
11 «Б» сынып оқушысы.  
Сурет.skс.kz**



# «ТАБИҒАТ - МАТЕМАТИКА ТІЛІМЕН СӨЙЛЕЙДІ»

«Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық».

Абайдың «Он сегізінші» қара сөзінен.

– Табиғат - математика тілімен сөйлейді. Бұл тілдің әріптері - дөңгелектер, үшбұрыштар және басқа математикалық фигуралар, - десе Галилео Галилей, Қазақстанның Еңбек Ері, академик Асқар Жұмаділдаев «Қиғаш заң да математикаға қажет», - дейді. Әлемдегі бүкіл адамзат өмір сүріп келе жатқан мемлекеттің негізі, қолданылып келе жатқан тұрмыстық техника түрлері, тұтынатын заттардың барлығы математикаға құрылғанын бүгінгі балалар мен жасөспірімдер жақсы біледі. Математиканың барлық пәндермен байланысы, сол сияқты, математика саласын таңдаған мамандықтың да барлық мамандықтарға қатысы бар екенін ғалымдар өз заманында дәлелдеп қойған. Ұстаз пән арқылы тақырыпты оқушыға дұрыс ұқтырып, қиын дүниені үйрете білсе, сабақтың мақсатына жетеді. Сабақтың тақырыбына қарай, әр мысалды өмірден алып көрсетіп, үйге тапсырманы да соған орай жалғастыруға беремін. Ғалымдардың зерттеу жұмыстарымен таныссақ, Түркістандағы «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі», Тараздағы «Айша бибі», Абай облысы, Аягөз ауданындағы «Қозы Көрпеш Баян сұлу» кесенелері де математикаға сүйеніп салынғанын айтады. Кесенеге арнап құйылған кірпіштің математикалық пішінмен қаланғаны, төртбұрыш, үшбұрыш пен өрнектерден салынғанын көреміз.

Тәжірибелік мақалам математика жайында болғандықтан, арнайы дереккөздеріне сүйене отырып, пәннің тарихына тоқтала кетейін. Математика – біздің заманымызға дейін пайда болған. Самос аралында туған ұлы ғалым Пифагорды математиканың атасы дейді. Пифагор – ежелгі грек математигі, әрі философы. Математиканың ғылым ретіндегі іргесін қалаған алғашқы адам, пифагоршылар мектебін құрған. Натурал сандардың көбейтуге арналған Пифагор кестесінің және Пифагор теоремасының авторы.

Пифагор теоремасы 8 сыныпта оқытылады. Бұл ғылымда көп қолданылатын теорема, формула боп табылады. Пифагор теоремасы – геометриялық тік бұрышты үшбұрышты қабырғаларының арасындағы байланысты тұжырымдайтын теоремасы. Пифагор теоремасы қысқаша былай тұжырымдалады: тік бұрышты үшбұрыштың гипотенузасының квадраты



катеттері квадратының қосындысына тең.

**Пифагор теоремасының формуласы:** Гипотенузаның квадраты катеттердің квадраттарының қосындысына тең:  $c^2 = a^2 + b^2$

Мысалы, тікбұрышты үшбұрыштың бір катеті 3 метрге ал екінші катеті 4 метрге тең болса, гипотенузасы неге тең?

Пифагор теоремасы бойынша, с гипотенузаның квадраты:

$$c^2 = 3^2 + 4^2$$

$$c^2 = 9 + 16$$

$$c^2 = 25$$

$$c = 5$$

**Жауабы:** гипотенузаның ұзындығы 5 метр.

Бүгінде Пифагор теоремасы ғылым мен техникада кеңінен қолданылатынын оқушыларға өмірдегі мысалдарды келтіре отырып, дәлелдеу арқылы есепке қабілетін арттырып, қызықтыра білу арқылы болашақ мамандарды дайындауға үлес қосу – еліміздің өркениетін арттыруға қосқан ұстаздық үлесім деп білемін. Себебі, шәкірттерімнің математика – алгебра пәндеріне немқұрайды қарап, әр сабақты зердесіне тоқымай жаттап келіп жауап бергені өздеріне зиян екенін үнемі жадына салып отырамын. Бүгінгі мектеп оқушысы ертеңгі ел үмітін ақтайтын жас маманның өз саласында қателесуге хақы жоқ екенін түсіндіру – ұстаздық парызым санаймын.

**БОЛЕГЕНОВА Гаухар Даулетхановна,**

Алматы қаласы, №15 гимназияның

математика пәні мұғалімі.

Дереккөздері: Оқулықтағы Пифагор теоремасы







Қайтер едік, өмірге келмегенде,  
Көнеміз ғой, қайтеміз көнбегенде?!  
Төземіз ғой, қайтеміз төзбегенде,  
Көлден тамшы бұйырмас шөлдегенде.

(Сәт тобы «Көнеміз ғой» әні)

*13 қараша Халықаралық зағиптар күні. Бұл күн 1745 жылдың 13 қарашасында Валентин Гаюидің дүниеге келгеніне байланысты аталып өтеді. Ол Францияда, Парижде және Петербургте зағиптарға арналған бірнеше мектептің негізін қалаған танымал педагог.*

## «Жарық әлем жүректерге нұр сыйлар»

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының шешімімен нақты осы күн халықаралық зағиптар күнін белгілеуге негіз болды. XVIII ғасырға дейін әлем зағиптарға арналған мекемелерді білмеді. Ол 1784 жылы Парижде үкімет пен қайырымдылық қоғамдарының еш қолдауынсыз өз қаражатына өзінің үйінде зағип балаларға арналған әлемдегі алғашқы мектепті ашты. В.Гаюидің тұңғыш оқушысы жетім бала Франсуа де Лезюер болды. Одан кейін мектепке онымен тағдырлас тағы 11 бала қабылданды. Осыдан кейін әлемнің түкпір-түкпірінде көз жанарынан айырылған балаларға арналып мектептер салына бастаған. Міне, Халықаралық зағиптар күнінің қысқаша тарихы осындай. Ал енді зағиптар күні қалай аталып өтіліп жүр? Әрине халықаралық атаулы күн болғандықтан әлемнің көптеген елдерінде қоғамның назарын көзінен айырылған адамдарға және көру қабілеті нашар адамдарға аударып, сондай-ақ осы адамдардың қоғам өміріне жан-жақты қатысуына, ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы білім мен ақпарат алу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған көптеген іс-шаралар өткізілуде. Сондай шаралар еліміздің түкпір-түкпірінде атап өтілуде. Ондай қайырымдылық шараларына мектептер, кітапханалар, музейлер де атсалысуда. Бұл сала мамандарының жұмыстары көбіне білім мен өнер жағына бағытталған. Осындай шараның бірін 13 қараша күні С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастыруымен Ақтөбе облыстық арнайы “мектеп-интернат-колледж” кешені КММ-де «Жарық әлем жүректерге нұр сыйлар» атты өнерпаз, дарынды балалардың көңілді кеші өтті. Көз жанары болмаса да жүректері өнер, білім деп жанып тұрған балалар шараға белсене қатысты. Шара барысында қысқаша Зағиптар күні қалай пайда болды деген тарихы айтылып, әрі қарай түрлі қызықты ойындар ойналды. С.Жиенбаевтың, М.Мақатаевтың, М.Жұмабаевтың т.б көптеген ақындардың өлеңдерін балалар жатқа оқыды,

ән де шырқалып, би де биленді. Шара соңында мекеме тәрбиешісі Света Ермағамбетқызы қорытынды сөз сөйлеп, С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының ұжымына өз алғысын білдірді және ұйымдастырушы ретінде бізде балаларға өзіміздің жақсы тілектерімізді айта отырып кітапхана ұжымының атынан



балаларға тәтті дәмге толы себетті сыйладық. Бала күлсе, әлем бірге күледі демекші, балалар мәз болып тарқасты.

Ұлыс күн, жасап жатыр халқы рәсім,  
Арман-ай, асқақтайсың, шарқ ұрасың.

Бір кеште ұйықтап кетіп, таңда тұрсаң,

Нұрлы әлем алдарыңнан жарқырасын! – деген Рза  
Оңғарбай ағамыздың өлең жолдарымен өз сөзімді аяқтаймын.

**Гүлнұр Ихсанғалиева,  
Сағи Жиенбаев атындағы  
облыстық жасөспірімдер кітапханасының  
библиографы.  
Ақтөбе қаласы.**





# Ұстаз ұдайы ізденістің адамы

Әр ұстаз шәкірттері өзінің пәнін жете ұғынып, тақырыпты тыңғылықты игеріп кетуі үшін оқулықпен шектеліп қалмай-тыны белгілі. Білімді ұдайы жетілдіріп, оқытатын пәнім бойынша оқу-әдістемелік жаңалықтармен біліктілігімді дамыту, тынымсыз ізденісте болу – менің негізгі ұстанымым.

Бала кезімнен есепті жақсы көрдім. Біздің ата-анамыз үнемі есебің дұрыс болсын десең, сандардан жаңылма дейтін. Есептерімізді алдымен нобай (черновик) дәптерге жазып, барлық есептеулердің дұрыстығын тексерген соң, таза дәптерге көшіретінбіз. Математика – алдымен саннан, содан кейін санды санға қосып санаудан басталады. Сандар дегеніміз не? Оларды қолданудың әдістері, басқа да математикалық сұрақтарға жауапты мектепте оқушы кезімде оқулықтан таптым. Енді, өзім шәкірттерге жоғары сыныпта алгебра мен геометрия сабағын оқытып келемін.

Математика тілінде сандар бірнеше топқа бөлінеді. Бұл тақырып 8-сыныпта өтіледі. Натурал сандар. Натурал сандар деп 0, 1, 2, 3, 4-ті,... атаймыз. Барлық натурал сандар жиының  $N$  символымен белгіленеді. Белгілі бір  $a$  санының натурал сан екенің көрсету үшін  $a \in N$  деп белгілейміз. Мысалы  $1 \in N, 5 \in N, 3 \in N$ . [1] 2. Бүтін сандар. Бүтін сандар деп оң және теріс таңбасымен алынған барлық натурал сандар жиынынан құралған сандар жиынын атаймыз. Яғни бүтін сандар 0, 1, 2, 3, 4,... және  $-1, -2, -3, -4, \dots$  сандар жиынында-рының бірігуінен құралған. Бүтін сандар жиынын  $P$  сим-волымен белгілейміз. 3. Рационал сандар. Рационал сандар деп  $\frac{a}{b}$  ( $a \in P, b \in P, b \neq 0$ ) сандарын атаймыз. Мысалы  $\frac{1}{3}, \frac{10}{7}$ . Рационал сандар жиынын  $R$  деп белгілейміз. Кез келген бүтін  $c$  саны рационал жиынына енеді да, яғни рационал сан болып табылады. Өйткені  $c = \frac{c}{1}$ , сондықтан  $P \subseteq R$ . 4. Иррационал сандар. Иррационал сан деп  $\pi = 3,141592\dots$  немесе  $\sqrt{2} = 1,4\dots$  сандары тәрізді бөлшек бөлігі шексіз, периодты емес цифрлардан құралған сандарды атаймыз. Иррационал сандар жиының  $Q$  деп белгілейміз. 5. Нақты сандар. Нақты сандар жиыны деп барлық – натурал, бүтін, рационал және иррационал сандардан құралған сандар жиынын атаймыз.



Және бұл жиынды  $Z$  әрпімен белгіленеді.

Математика мен геометрия негізін біздің дәуірімізге дейін Евклид пен Пифагор салған. Есеппен жұмыс істеу бастауыш сыныптан бастау алады да, орта буын, жоғары сыныпта күрделене түседі. Теңдеулердің түрлерімен та-нысады. Теңдеу дегеніміз-шартты теңдік. Тең-деудің түбірін табу керек. Құрамында мәнін табу керек болатын әріпі бар теңдік. Теңдеуді шешу дегеніміз оның барлық түбірлерін табу немесе оның бірден-бір түбірі болмайтынына көз жеткізу. Бір ғана мысал,  $x + 1 = 2$  теңдеу болып табылады. Теңдеу дегеніміз ол белгісіз айнымалысы бар теңдік. Осының шешімін табайық.  $x+1=2$ .  $x = 2 - 1$  (1 теңдіктің сол жағынан оң жағына ауыстырамыз, сонда оның таңбасы минуске ауысады)  $x = 1$ . Теңдеуде әріптер болады. Теңдеулер әртүрлі болады. Теңдеудің ортақ қасиеттері – мәндес теңдеулер, шешімдері (түбірлері) бірдей теңдеулер.

**Мақсатым, білімділік, тәрбиелік, дамы-тушылық. Білім беру, тәрбиелеу, өмірлік практикалық білім дағдысын дарыту немесе дамытушылық. Оқушылардың ой еркіндігіне мүмкіндік бере отырып, талап қоя білу. Тәртіп пен талап бар жерде жауапкершілік артады. Сенімділік пайда болады. Сабақ барысында ұстаз бен оқушы арасында міндетті түрде кері байланыс орнауы қажет. Ұстаз еңбегінің нәтижесі де осында. Бала зердесіне ең алдымен, қандай есеп шығар-маса да, оның астарында еңбектену қажет екенін ұқтыру жатыр. Оқушылардың математикалық қабілетін шындай отырып, олардың жандүниесіне адамгершілік құндылықтарына қанықтыра тәр-биелей отырып, жаңа заманның тұлғасын қалып-тастыруға бар біліктілігімді арнап келемін.**

**ПОШАНБЕКОВА Жанат Аскаровна,**  
Алматы қаласы, №15 гимназияның  
математика пәні мұғалімі.

Дереккөздері: [1] «Уикипедия» ашық энциклопедиясы;  
[tendeu.kz](http://tendeu.kz); [mangystaumedia.kz](http://mangystaumedia.kz)





## СОР29-да климатты қорғау және тиімділікті арттыру үшін ауыл шаруашылығындағы метан қалдықтарын азайту тақырыбы талқыланды

Бакуде БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы (СОР29) тараптарының 29-шы конференциясында аграрлық сектордағы метан қалдықтарын азайтуға арналған арнайы іс-шара өтті. Оны Қазақстан Республикасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының байланыс және серіктестік бюросы және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ұйымдастырды. Іс-шараның тақырыбы «Ауыл шаруашылығындағы Метан: қалдықтарды азайту және тиімділікті арттыру» болды.

Метанның - жаһандық жылытудағы үлесі, климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық топтың (КӨЖҮТ) мәліметтері бойынша, орташа жаһандық температураның ағымдағы көтерілуінен шамамен 0,5°C құрайды. Агроазық-түлік секторы күйіс қайыратын малдың энтеральды ашытуымен және органикалық қалдықтардың анаэробты ыдырауымен байланысты метан қалдықтарының едәуір мөлшерін шығарады. Бұл процестерді түсіну және оларды азайту климаттың өзгеруімен күресудің және ауыл шаруашылығының экологиялық тұрақтылығын сақтаудың негізгі қадамдары болып табылады.

Іс-шарада Орталық Азия елдері мен халықаралық ұйымдардың министрліктерінің өкілдері өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы метан қалдықтарын азайтудың озық әдістері мен технологияларын талқылады. Ауыл шаруашылығы секторындағы экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған ең жаңа жемшөп қоспалары, көнді өңдеу әдістері және басқа да инновациялық шешімдер басты назарда. Сонымен қатар, қатысушылар табысты халықаралық жобаларды қарастырып, экономикалық тиімді және экологиялық тұрақты әдістерді енгізу бойынша тәжірибе

алмасады.

Іс-шараның негізгі мақсаттары ауыл шаруашылығындағы метан қалдықтарын азайту технологиялары мен шешімдерін талқылау, инновациялық әдістерді енгізудің экономикалық және экологиялық пайдасын бағалау, ауыл шаруашылығының экологиялық және тұрақты міндеттерін шешу үшін өңірлік ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ Орталық Азия мен басқа өңірлерде тиімді шараларды бейімдеу үшін халықаралық тәжірибе алмасу болды.

ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кенжеханұлы Қазақстан Париж келісімі және жаһандық метан бастамасы сияқты халықаралық келісімдермен расталған ұлттық Климаттық мақсаттары шеңберінде метан қалдықтарын азайтуға ұмтылатынын атап өтті. Метан қалдықтарын азайту елдің климаттық мақсаттарына жету стратегиясының маңызды бөлігі болып табылады.

ФАО-ның Табиғи ресурстар жөніндегі аға маманы Марсиаль Берну, ФАО метан қалдықтарын бақылаудың кешенді құралдарын әзірлегенін хабарлады, мысалы, мал шаруашылығын экологиялық бағалаудың жаһандық моделі және жақсартылған азықтандыру стратегияларын, көнді басқаруды және қалдықтарды төмен белгілерге негізделген селекцияны қоса алғанда, мал шаруашылығынан метанды азайту тәжірибесін насихаттайды.

Бұл іс-шара Орталық Азиядағы және одан тыс жерлердегі мемлекеттік, ғылыми және іскер қауымдастықтардың өзара іс-қимылы үшін маңызды платформаға айналды.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми сайтынан.





# ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

*«Маған жақсы мұғалім, бәрінен де қымбат,  
өйткені мұғалім – мектептің жүрегі».*

**Ы.Алтынсарин**

Ыбырай атамыздың осы сөзі дүниедегі мамандық атауының төресі – ұстазға берілген жоғары баға. Өйткені барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып, үйрететін мейірімді абзал жандар – мұғалімдер. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, оларға тәлім-тәрбие беруде, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Ұрпақтардың сапалы білім, саналы тәрбие алуына өнегелі ұстаздардың қосатын үлесі өлшеусіз. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

Мен бүгін ана ретінде қоғамның баласы үшін өз уақытын, білгенін аямайтын ұстаз жайында сөз қозғамақпын. Ол Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернат мұғалімі – Малик Майра Маликқызы.

Майра Маликқызы Философия докторы (PhD), аға оқытушы бола тұра, орта мектеп оқушыларын білім нәрімен сусындатып, ғылымға жетелейді, бағыт-бағдар беріп, таным көкжиектерін кеңейтуге бар ықыласымен атсалысады. Бұл дегеніңіз – өз мамандығын сүйгендік, оны мектеп қабырғасындағы жас ұрпақ бойына сіңіре білгендік. Менің қызым Қырғызбай Аяжан осы мектеп табалдырығын аттаған сәттен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Майра Маликқызын екінші анасындай сыйлап, құрметтейтін болды. Себебі, өзінің қарапайымдылығымен, мейірімділігімен және білімділігімен кез келген шәкірт жүрегіне жаулай білетін Майра апайы қызымның жүрегінен орын таба алды. Қызыма білім беріп қана қоймай, ғылым жолына бағыттап, білімін тереңдетіп, таным көкжиегін кеңейте түсті. Оның дәлелі 9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық V «Абайтану» олимпиадасына қатысып, бас жүлдені; Өскемен қаласында өткен Қ.Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен оқушылардың республикалық олимпиадасында 1-орын алуы; Тараз қаласында өткен жалпы білім беретін пәндер бойынша 8-11 (12) сынып оқушыларына арналған ғылыми жобалар конкурсының «Тіл білімі (қазақ тілі) секциясы бойынша бас жүлдені иеленуі; Халықаралық лингвистика олимпиадасының 3-орын, XI Республикалық «Ақберен» өнер байқауында 3-орын иегері атануы. Қызым Аяжанның осындай үлкен жетістіктерге жетуі дарынды ұстаз, үздік ұстаз Майра Маликқызының тынымсыз еңбегінің арқасы.

Майра Маликқызы – үнемі ізденістегі, білімін дамытудағы жаңашыл ұстаз. Ол шәкірттерге сапалы білім бере жүріп, біршама белестерді бағындырып, көптеген жетістіктерге жете білді. Мысалы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Алғыс хат», «Құрмет грамотасы», «Ы. Алтынсарин», «Дарынды ұстаз», «Үздік ұстаз - 2022» төсбелгілері, «Алматы тұлғалары» байқауының жеңімпазы. Бұл – қажырлы еңбек пен үздіксіз ізденістің нәтижесі. Жақсының жақсылығын айтып, құрметін арттырып, нұрын тасытқанға не жетсін?! Біз үшін тұғыры биік ұстазды сыйлап, оларға ізгілік көрсету – ықылым заманнан қазірге дейін келе жатқан тәлім-тәрбие. Ұстаз – баланың шым-шытырлы рухани жан дүниесіне үңіліп, бала жүрегіне жол таба отырып, дарыны мен талантын ашып, баптап, қанаттандырып, білім нәрімен сусындатып, үлкен өмірге бағыттайтын жан.

**СУЮНДИКОВА Сымбат,  
Абай атындағы РММШ 11-сынып оқушысы,  
Қырғызбай Аяжанның анасы  
Алматы қаласы**



# Дебат әлемі

Дебат, пікірсайыс деген не? Пікірсайыс немесе дебат грек тілінен «оқимын», ал француз тілінен «талқылау» деген мағынаны білдіреді. Дебат – аргумент арқылы жеңу. Онда қарсы тараптар қоғамды өз сөзіне сендіруі керек. Пікірсайыста маңыздысы – аргумент, бірақ әр түрлі риторикалық әдістер, аудиториямен жұмыс жасау қабілеті ескеріледі. Ол – шешендік өнердің бір түрі, риториканың бір бөлігі. Демократиялы елдерде президент сайлауы пікірсайыс арқылы өтеді.

Қазіргі қоғамда дебатты «ұрыс», «жанжал» деп қабылдайды, бірақ шын мәнінде дебат ол – пікірсайыс. Дебаттың қатысушыға, тыңдарманға берер пайдасы көп. Атап айтсақ, біріншіден, дебат – «дамушы орта». Себебі пікірсайысшылардың бәрі жеңіске ұмтылады, бір-бірімен жеңіс үшін сөз додасына түседі. Екіншіден, дебат – «ұшқыр ой». Әр берілген қарарды (тақырыпты) төрешіге түсінікті, нақты, жүйелі жеткізу үшін берілген тақырыпты жан-жақты түсініп, зерттеп, пысықтау қажет. Үшіншіден, дебат – «достық».

Менің дебат әлемінде жүргеніме екі жыл болды,

айтарым дебат – нағыз достық мекені.

Менің жетістіктерім: Қ.Сәтбаев университетінің технократ интеллектуалды пікірсайыс клубының ұйымдастырылуымен өткізілген «Аялы алақан» республикалық турнирінің «Үздік спикер»; Оқушылар сарайы пікірсайыс кеңесінің ұйымдастыруымен өткен турнирде «І Дәрежелі» диплом иегері, т.б. Маған дебат турниріне қатысқан ұнайды. Себебі әр турнирден көп үлгі, ақпарат алып, өзімнің рухани, адамгершілік дамуыма үлес қосамын, жаңа орта, жаңа достар табудамын. Дебатқа өзімнің алғысымды білдіремін. Менің қалыптасуыма, жоғары деңгейде ойлана алуым, дамушы әрі достыққа толы орта табуымның бәрі дебаттың еңбегі, жемісі.



**ТУРКЕБАЙ Ақзере Маратқызы**  
Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатының 11-сынып оқушысы.

## 15 ЖАСАР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АТЛЕТ ҚЫТАЙДА ЕКІ БІРДЕЙ ЖҮЛДЕ АЛДЫ



**АСТАНА. KAZINFORM – 15 жасар қазақстандық атлет Мұрат Нұрболсын Қытайдың Үрімжі қаласында өткен жеңіл атлетикадан жастар мен жасөспірімдер арасында халықаралық жарыста екі бірдей жүлдемен оралды.**

Құрлық мықтылары қатысқан сайыста қазақстандықтар бақ сынаған болатын. Аталған жарыста Мұрат Нұрболсынның бағы жанып, 1500 метрде топ жарса, 3 мың метрде күміс жүлде иеленді.

«Бұл жарыста 5 мемлекеттен 300 ден астам спортшы бақ сынады. Шәкіртім Мұрат Нұрболсынұлын жаттықтырып жүргеніме 1 жылдан асты 4 рет Қазақстан чемпионы болған. Бұл жолғы халықаралық бәсекеде қажырлы еңбегімен, жігерінің арқасында чемпион атанып, бәрімізді қуантып отыр. Оның алдағы болашағынан үлкен үміт күтемін. Қазақтың көк байрағын әлі талай әлемдік додаларда желбіретеді деп сенемін», - дейді жаттықтырушы Бағдәуір Үлкенбай.

Астана қалалық №9 балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебінде жеңіл атлетикадан тренер боп қызмет істейтін Бағдәуір Үлкенбай – Қытай қазақтарынан шыққан танымал жаттықтырушылардың бірі. Ол тәрбиелеген шәкірттер Бейжіңде өткен марафондарға қатысып, жүлде алып жүр.

«Мен жаттықтырушы ретінде жұмыс жасап келе жатқаным 20 жылдан асты. Шәкірттерім үлкен додаларда топ жарып жүр. Атажұртқа келгеніме бір жылдан асты. Ендігі арманым – Қазақстанда да мықты спортшылар тәрбиелеп, көк туымызды желбіретіп, еліміздің дамуына үлесімізді қосып, еңбегімді сіңіру», - деді жаттықтырушы.

**Ризабек Нүсіпбекұлы, KAZINFORM.KZ**  
Фото: Бағдәуір Үлкенбайдың жеке мұрағатынан



## ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы, Қазақстан Республикасының Президенті:

«Бердібек Соқпақбаев қазақ әдебиетінде ешкімге ұқсамайтын қайталанбас қолтаңбасын қалдырды. Ардақты азаматтың есімін ұлықтап, еңбегін ел жадында жаңғырту – бәрімізге ортақ парыз. Осы орайда, жазушының 100 жылдығы ЮНЕСКО-ның атаулы күндері тізбесіне енгізілуі және туған жерінде сәулетті ескерткішінің бой көтеруі – әйгілі сөз зергеріне деген қадір-құрметтің белгісі. Қаламгердің өзіне ғана емес, оның кейінкеріне ескерткіш орнату – өте сирек кездесетін оқиға. Астана төрінде тұрған Қожаның мүсіні Соқпақбаев шығармашылығының ұлт руханиятында ерекше орын алатынын көрсетеді».



## «БАЛАЛЫҚ КӨҢІЛДІҢ ПЕРНЕСІН ДӨП БАСҚАН»



«Балалық шаққа саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді» туындыларында өзі өмір сүрген заманның шынайы келбетін суреттеді. Жазушының ғасыр тойына арналған шаралар еліміз мектептерінде де кеңінен аталып, өтуде. Күні кеше ғана Алмалы ауданындағы №15 гимназияда «Оқуға құштар мектеп» бағдарламасы негізінде балалар бағының бағбанына арналған «Балалық көңілдің пернесін дөп басқан» атты әдеби-сазды кешті мектеп кітапханашысы Мыңжасарова Райхан Мұқтарханқызының ұйымдастыруымен атсалысқан «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы және бастауыш сынып мұғалімдерінің қолдауымен өтті. Кешке бастауыш пен жоғары сыныптың оқушылары өнерлерін ортаға салды.

Мектептің мәжіліс залы оқушылар, ұстаздар мен қонақтарға лық толған сәтте «Молдабайдың термесі»

Қазақ әдебиетінде балалар өміріне байланысты шығарманың қайталанбас ескерткішін орнатқан қаламгер Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығы Париж қаласында, ЮНЕСКО-ның штаб пәтерінде аталып өтті. Оның балалар мен жасөспірімдерге арналған 20-дан астам әңгіме, повесть, романы оқырмандардың оқи берсе, жалықпайтын шығармасына айналды. «Менің атым-Қожа»,







орындалып, аяқтала бере «Мені атым Қожа» фильмі көрсетілді. Экрандағы фильм аясында сахнаға Қожа, Сұлтан мен Дәулет шығып өз орындауларында кинодан қысқаша үзінді көрсетті. Олар Қожа - 6 «В» сынып оқушысы Кешубай Керімсал, Сұлтан - 5 «З» сынып оқушысы Қадырғажы Мансұр, Дәулет - 5 «Ә» сынып оқушысы Бақыт Батыр. 2 «Б» сыныбының оқушылары «Менің атым Қожа» фильмінде орындалатын «Туған ел» әнін нақышына келтіре хормен орындады.

Оқушыларын актерлік шеберлікке дайындаған мұғалімдері-Балтабаева Шынар Айткалиевна, Сапарғали



«Биік Бәйтерек – Бердібек» өлеңін 2 «Ә» оқушылары Қадырғажы Аяжан, Ахмет Мирас, Мұратхан Ерали, Сәкен Шоқан, Бақытхан Дәмелі мәнерлеп оқыды.

Жазушыға арналған әдеби-сазды бағраманы дайындауға қатысқан ұстаздар - Жахан Гүлім Өкенқызы, Қайыр Нұржан Асқарұлы, Атілғазы Ұлжан, Жумадилова Майра Бахытовна, Акерке Ерланқызы, Ақтолықын Тілекқызы; Назарбек Жадыра Абаевна, Карымсакова Динара, Рахметова Ергүль Куандыковна, Нурила Данайқызы, Сандуғаш Тоқтасынқызы, музыкамен әрлеуші Бекболат Қонысбекұлының іскерлігіне лайықты баға берілді. Мобилограф: 9 «В» сынып оқушысы Әділ Алихан, 11 «Б» сынып оқушысы Қайнарғали Әминаның да шеберлігі аталып өтілді.

Кеште гимназия директоры ОСПАНБЕК Бұлбұл Расбекқызы сөз алып, биыл ЮНЕСКО көлемінде мерейтойы аталып өтетін қазақтың атақты тұлғаларына тоқтала келе, жазушы Б.Соқпақбаевтың замандас жазушылардың айтқан пікірлеріне тоқталды. Оқушыларға кітап оқу қажет екенін айта келе, мектеп кітапханасында балалар мен жасөспірімдерге арналған әдеби шығармалардың қалағанын алып оқуға болатынын шәкірттерінің есіне салды. Әдеби-сазды кешті ұйымдастырған, үнемі игі істің ұйтқысы болып, оқушылардың жандүниесіне рухани шуақ шашып жүретін кітапханашысы Р.М.Мыңжасарова мен шараны өткізуге атсалысқан «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының барлық ұстаздарына, оқушыларға алғыс айтты.

Райхан Сырманқызы, Душмуратова Гулбану Ганиқызы. Бастауыш сынып жетекшілері - Назарбек Жадыра Абайқызы мен Шарғынова Сандуғаш Тоқтасынқызы.

Оқушылар шығарма кейіпкерлерін тамаша орындады. Содан кейін жүргізушілер жазушы Б.Соқпақбаевтың өмірбаяны мен шығармашылығы, жарық көрген шығармаларына тоқталды. «Менің Әкем» монологын 9 «В» сынып оқушылары Сейғали Рауан, Айтхожа Балам, Мағауия Миндана оқыды. Даярлаған Казак тілі мен әдебиеті әнінің мұғалімі және сынып жетекшісі - Муслимхан Монжи.

2 «Ә» сынып оқушысы Арнұр Аңсаған әскери киімде «Ана жүрегі» монологын оқыды. Гимназия көркемөнерпаздарының орындауында «Бала махаббат», «Жаулап алды махаббат», «Алматы түні», хормен «Сарыжайлау» әндері шырқалып, «Көңіл толқыны» күйі орындалды. Биші қыздардың орындауында «Қазақ бий» тамашаланды.

(Өз тілшімізден),  
«Farabi shakirti» журналы. Алматы



# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ҚОҒАМ КӨРСЕТКІШІ

*«Егер мен жанбасам лапылдап,  
егер сен жанбасаң лапылдап,  
егер ол жанбаса лапылдап,  
аспан қалай ашылмақ?».*

**Назым Хикмет**

ертеңгі күнге деген сенім мен құлшыныс болса, алынбайтын асу болмайды.

Бұл – болашаққа салынған жастардың баспалдағы. Әр жас ұлттық құндылықтарымыздың алтын қоры ежелден ата-бабаларымыздан мирас болып келе жатқан салт-дәстүрлерімізді сақтап, мың өліп, мың тірілген тілімізді құрметтеп, Отансүйгіш жастар қатарының легінен боламыз. Аялы отбасымызда ата-анамыздан, мектепте ардақты ұстаздарымыздан үйренген, көңілге түйген тәрбие мәйегінен нәр алып, мақсатымызды бекемдейміз. Сол мақсат жолында өнегелі оқуымыз, үлгілі тәртібімізбен бізге сенген елдің аманатын арқалап, біздің болашағымызға жалғастырамыз.

Сөз соңын Назым Хикметтің:

*«Егер мен жанбасам лапылдап, егер сен жанбасаң лапылдап, егер ол жанбаса лапылдап, аспан қалай*

Тулаған тарих толқынында тербеле бермей, алдымызды аңғаратын, соңымызды салмақтайтын кезге жеттік. Қысқа ғана уақыттың аясында қарыштап алға аттадық, тіпті кемелденген елдердің өзі келешегін бізбен байланыстыруға құмартатын болды. Оған елімізге көптеп құйылып жатқан салымдар мен ашылып жатқан өндіріс орындары дәлел. Шама бар, енді сананы нығайту жолына кірістік. Сонымен, рухани жаңғыру дегеніміз не?

Ол қаншалықты дәрежеде қолжетімді болмақ? Оны жүзеге асырудың жолдары қандай? Діттеген межеге жету үшін не істеуге тиіспіз деген сұрақтардың басын ашып, ұғымымызға ыңғайлап көрелік.

Менің пайымдауымша, рухани жаңғыру - күрделі құбылыс, шыныдай мөлдір үдеріс. Сызат түссе, қайтадан қалпына келтіру қиын. Жаңғыру алдымен қоғамның сілкінісіне айналуы керек. Көшкен сайын дүниемізді де сілкітін қазақ емеспіз бе, одан ұтылмаймыз. Жаңғыру дегеніміз - жаңару. Оның алғашқы иірімдері адамның көңіл көкжиегінен бастау алады, яғни әр адам жаңаруды өзінен бастауы тиіс. Ал адам - қоғамның негізгі қозғаушы тетігі. Тетігі мықты қоғам рухани тұрғыдан қуатты болады, доңғалағы үздіксіз айналып отырады.

Рухани жаңғыру бәрімізге ортақ, баршаға қолжетімді, себебі ол ұлы құндылықтардың тоғысы. Еліміздің арғы - бергі тарихының ең ғибратты тағылымы осында. Рухани жаңғыруды жүзеге асырудың жолдары сан алуан. Кешегі бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы сабақтасып жатса ғана біз рухани жаңарамыз, жаңғырамыз. Әр қазақстандықтың жүрегі ел деп соқса,



ашылмақ?» деген тұжырымымен түйіндегім келеді. Жаңарайық достарым!

**КОПТЛЕУОВА Гульшат**  
Абай атындағы Республикалық  
мамандандырылған дарынды балаларға  
арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете  
оқытатын мектеп-интернатының  
10-сынып оқушысы. Алматы қаласы  
Сурет: Martebe.kz



# АТА-АНА – БАР БАЛАНЫҢ ҚОРҒАНЫ, МӘНГІ ЖАСЫЛ БАҒЫ

Ата-анам байлығым, алтын бағым,  
Бізге берген жемісін бағаларым.  
Өмірдің көрсеткен бар қызығын,  
Жақсылыққа жетелер паналарым.  
Айыпжан Самал

Бала тәрбиесінде отбасының орны ерекше. Оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оған мәдени-әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Үлкен ұрпақтың тәжірибесі, өмірдегі беделі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бір-бірін құрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі. Бала дүниеге келген күннен бастап ата-ананың ықпалында болып, өмірге бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады.

Ата-ана балаларына жақсы тәрбие беруде қоғам алдында жауапты. Ата-ана бала тәрбиесіне ерекше мән беруі қажет. Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Тәрбиенің негізі «ананың әлдінен» басталады емес пе?! Абай атамыз ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтінен жаралған» деген ғұламалық ойды тарата келе, ол қасиеттердің міндетті түрде тәрбиеленуі қажеттігі туралы айтады.


Абай жетінші қарасөзінде былай дейді: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам деп туса, біреуі – білсем




екен демектік. Не көрсе соған талпынып, жылт-жұлт еткен болса, соған қызығып, аузына салып, дәмін татып, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай, керней болса дауысына ұмтылып, онан ер жетіңкірегенде ит үрсе, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене», «ол неге үйтеді», «бұл неге бүйтеді» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді...

Ата-ана тәрбие беруде, ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәні зор. Балаға, әсіресе, ана өте жақын келеді. Ал отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Әке мен ана баланың алғашқы ұстазы. Әсіресе, әкенің рөлі ер баланы тәрбиелеуде басым. Әке ұлына өзінің бар өнерін, естіп-білгенін, білімін түгел үйретуге тырысады. Ал ұл бала өз тарапынан ағаға, әкеге еліктеп, одан үйренген. «Ата көрген оқ жонар» деген осыдан шыққан.

**Дәрия ҒАНИҚЫЗЫ ,**  
**Абай атындағы Республикалық**  
**мамандандырылған**  
**дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен**  
**әдебиетін тереңдете**  
**оқытатын мектеп-интернатының**  
**10-сынып оқушысы.**  
**Алматы қаласы**  
**Сурет:Arqau.kz**







## Абай облысының оқушысы ғарышқа энергия жеткізу құрылғысын ойлап тапты

**Бородулиха ауданы Жезкент кентіндегі мектеп-лицейдің 9-сынып оқушысы Нұрали Амангелдиев ғарыш кеңістігінде лазерлік сәулелену арқылы энергия жеткізетін инновациялық құрылғы ойлап тапты.**

Құрылғы ғарыш кемесі іспетті екі модельден тұрады. Оның бірінде лазер сәулесін екінші кемеге бағыттайтын фокус жүйесі орнатылған, ал екіншісінде лазер сәулелеріне сезімтал фоторезистор бар. Лазер сәулесі фоторезисторға түсіп, түрлендіргіш арқылы электр энергиясын өндіреді. Бұл энергия шамын жағу немесе ұялы телефонды қуаттау үшін жеткілікті. Құрылғы энергияны 10 метр қашықтыққа дейін жеткізіп, жаңбыр, қар және тұман сияқты түрлі ауа-райы жағдайларында сынақтан өтті.

«Ғарышта энергия тапшылығы мәселесі бар. Жерсеріктер мен ғарыш кемелері энергияның аздығынан істен шығуы мүмкін. Мен ғарышкерлерге көмек ретінде осы құрылғыны жасадым. Жобаны жасауға екі жылдан астам уақыт жұмсадым, қолжетімді материалдарды пайдаланып, ғарышта энергия жеткізу мүмкіндігін және ғарышта лазермен энергия жеткізу әлдеқайда тиімді болатынын дәлелдедім», – дейді жас өнертапқыш.

2019 жылы Нұрали өз жобасын Мәскеу физика-техникалық институтының байқауында таныстырып, жоғары бағаға ие болды. Кейіннен құрылғыға қуаты мықты лазер орнатып, бағдарламалық кодын жетілдірді.

Жас өнертапқыш жобасын одан әрі дамытып, Байқоңырда өтетін халықаралық байқауға қатысуды жоспарлап отыр. Болашақта құрылғыға күн батареяларын қосып, оны тұрмыстық қажеттіліктерге, оның ішінде лазерлік зарядтау құрылғылары арқылы ұялы телефондарды қуаттауға қолданып көрмек.

**ОАМ ресми сайтынан**



# МЕДЕУ ПҰСЫРМАНҰЛЫ ХАҚЫНДА НЕ БІЛЕМІЗ?

(Соңы. Мақаланың журналдың 2024 жылғы шілде, №10 (62) нөмірінде жарияланған).


Ал енді Медеу тарихын сөз еткенде, қабырғалы сұраулардың бірі кәмпеске мәселесіне қатысты. 1918 жылдың мамырында Верный уезінің Шамалған, Жайылмыс, Шапырашты, Үлкен Алматы, Кіші Алматы (Медеу осы болыстыққа жатқан еді), Батыс Талғар болыстарында жүргізілген ірі байларды кәмпескелеу жұмысын белгілі күрескер Тоқаш Бокин басқарады. Керісінше ол Медеудің ізгі істерінен хабардар болғандығын, оның балаларына қалған мұрасы өзге байлармен салыстырғанда болмашы ғана деп балаларын кәмпескеден алып қалады. Әйтпесе 1918 жылғы 19 наурызда Жетісу Халық Комиссарлар Кеңесі бекіткен №1 декретте көрсетілгендей Габидулаев, Курганов, Шахварыстов, Иванов, Пугасов сияқты Верный қаласының 20 шонжарымен бірге Медеу ұрпақтары да тізімге алғашында ілігіп, кейін сызылып қалған.

1929 жылы қазіргі Медеу қойнауына белгілі қазақ ақыны, композитор, әнші Иса Байзақов пен партия, кеңес қайраткері, сол уақыттағы республика Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Ораз Исаев демалуға келгенде Медеудің балаларына қолда бар, әкеден қалған азын-аулақ малдарынды мемлекет меншігіне өткізгендерің жөн деп кеңес береді. Медеу балалары ертесінде-ақ асыл тұқымды жылқыларын өз еріктерімен қоғам меншігіне өткізіп, ұжымшар мүшелігіне кіреді. Медеу Пұсырманов Жайшыбек, Омарбек, Рахым, Ахметбек, Мамытбек, Айдарбек, Нәзірбек, Нүсіпбек, Сейдахмет, Шаймардан, Шаяхмет, Шайкамал есімді он екі ұл, сегіз қыз бала сүйеді. Олардың бірнешеуі Ұлы Отан соғысында қаза болған. Медеу қажы үш әйел алған. Медеу қажы 1908 жылы дүние салғанда қалың қазақ жиналып, қабырғаларына қайғы батып төрт бұрышына төрт адам тізе бүгіп, отырып намаз оқи алатындай кең қабырғалы күмбез тұрғызылып, барша сый-сияпатымен жерлеген. Деректі прозаның жүйрігі, жазушы Бейбіт қажы Сапаралы “Қазақ әдебиеті” газетінде (№29, 19 шілде 1985ж) “Медеу кім?” деген мақаласында Медеу жайлы кеңінен сөз етеді.

\* \* \*

Сексеннің төріне келіп қайтыс болған шежіреші, көкірегі даңғыл, көзі ашық Мырзаят Миркаримов ақсақал Медеу жайлы талай-талай шежіре әңгімелерді айтудан жалықпайтын. Бұл кісі – Медеу атамyzдың күйеу баласы. Арнайы өзім ұйымдастырып, Медеу атамyzдың бейіті басына құрбан шалып, құдайы тамақ бергіздім. Сонда тоқсанға келген немересі Гауһар Омарбекова апамыз мынандай әңгіме айтқан:

– Медеуге Қыдыр ата ықыласы ауып, бата беріпті. Сен тау-тасты аралап, жеміс-жидек көшетін тасып, жаңа тұқым өсіріп жүрсің. Байлықтың атасы – еңбек, анасы – жер. Сондағы Қыдыр атаның Медеуге берген



батасы мынау екен:

Малсызға малға балап ұйқы береді.

Арсызға арға балап күлкі береді.

Керілген керауызға өсек сөз – түрпі береді,

Ерінбеген ерге байлық пен

жылқы береді.

Байлық барға бітеді,

Қара күш нарға бітеді.

Батырлық алып – зорға бітеді,

Төккен терің ақталып,

Ісің тек оңға бітеді, – депті.

Содан Медеу атамның тіккен шыбығы да, отырғызған көшеті де дүр көтеріліп, неше түрлі жеміс-жидек өсіріп, елді таң-тамаша қалдырыпты. Алматы апортын алғаш өсірген де – Медеу. Ол белгілі бір жерге – мына Алатау етегіндегі белдеу-алқымына ғана керемет өседі. Медеу атамyzдың асыл тұқымды жылқы, сиырлары сонау Қапшағайдан Мыңжылқыға дейін қаптап өсіп, өріп жүрген.

(Жалғасы бар)

**Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,**

жазушы, Алматы облысының Құрметті азаматы  
Дереккөзі: «Әділет» газеті, 15 наурыз, 2018 жыл





# Сіз іздеген қызықты мәліметтер

**МАҚТА** (лат. *Gossypium*) – құлқайырлар тұқымдасына жататын көп жылдық өсімдік туысы, бағалы талшықты дақыл.

Мақта б.з. дейін Орта Азия республикаларында, Үндістанда, Иран, Қытай, Мексика, Перу аймақтарында өсірілген.

Қазақстанда 1918 жылы Түркістан жерін суландыруға байланысты қолға алынды. 1924 жылы мақта өсіретін Мақтаарал ауданы құрылды.

Мақтаның 35 түрі бар, оның 5 түрі қолдан өсіріледі. Мақтаны тұқымымен бірге негізінен машинамен жинайды. Және де мұны бірнеше дүркін қайталайды, өйткені қауашақтары бір мезгілде пісіп жетілмейді. Бұл жиналған өнім әзірге әлі шитті мақта болып табылады.

Арнаулы машиналар талшықты тұқымнан ажыратады, сонан соң оны жіп иіру фабрикаларына жөнелтеді. Онда мақтаны иіреді, ал тоқыма фабрикаларында иірілген жіптен шыт, бәтес, жұқа кездеме, сәтен, бумазей, трикотаж және басқа мақта өнімдері тоқылады. Мақтадан көрпе де, вафель сүлгісі де, медициналық мақта да, пластмасса да, целлюлоза да, фотопленка да, қағаз да жасалады және техникада

қолданылатын мықты, төзімді маталар да әзірленеді.

Ал енді мақтаның тұқымынан май айырады. Ол консерві жасау өнеркәсібіне, маргарин өндіруге жұмсалады. Сонымен қатар мақта майы сабын жасауға да қолданылады, одан және глицерин, стеарин алынады. Майы сығып алынғаннан кейін мақта күн-жарасы қалады. Ол мал азығы болып табылады. Майды сығу процесінде пайда болған басқа қалдықтардан гудрон бөліп алынады. Оны тас жол төсеу барысында және ыстыққа төзімді лактарды өндіруге пайдаланады. Тұқымның қабығы этил және метил спиртіні өндіруге жұмсалады. Сабақтары - отын әрі құрылыс материалы. Жапырағынан алма, лимон қышқылдарын алуға болады.

**АУСТРАЛИЯ** – Жер шарындағы ең кіші материк. Аустралия жер көлемі жөнінен жер шарында алтыншы орын алады. Материктің ауданы маңындағы аралдармен қоса есептегенде 7,6 млн шаршы шақырым.

Материк атауы латын тілінен аударғанда «оңтүстік» деген мағына береді. Себебі Аустралия материгі түгелімен оңтүстік жарты шарда орналасқан және оны оңтүстік тропик шеңбері дәл ортасынан кесіп өтеді. Аустралия басқа материктерден өте ертеде бөлініп кетуіне байланысты мұнда ешбір жерде табиғи жағдайда кездеспейтін жануарлар мен құстар (кенгуру, үйрек тұмсық т.б.) тіршілік ететіндіктен бұл материкті эндемиктер құрлығы деп атайды.

XVIII ғасырда ағылшын саяхатшысы Джеймс Кук Аустралияның шығыс жағалауы мен Жаңа Зеландия аралын ашты. Аустралия материгінің теңіз деңгейінен есептегендегі ең биік нүктесі Үлкен Суайрық жотасының оңтүстігіндегі Косцюшко тауы, бұл таудың биіктігі 2228 метр Аустралия материгі Жер шарындағы ең аласа материк болып есептеледі, оның теңіз деңгейінен орташа биіктігі 215 метр құрайды.





Аустралия Жер шарындағы ең құрғақ материк, себебі оның 2/3 бөлігін шөлді аймақтар алып жатыр. Үнді мұхиты алабына жататын Муррей өзені өзінің ең ірі саласы Дарлингпен бірігіп Аустралияның ең ірі өзен жүйесін құрайды. Материктің басым көпшілігін тропиктік шөл мен шөлейт зоналары алып жатыр.

Тасмания аралы - Аустралияның оңтүстігінде орналасқан. Аралды XVII ғасырда норвег саяхатшысы Абель Тасман ашқан. Тасман аралында Аустралиядағы бірден бір жыртқыш аң тасман қалталы құбыжығы кездеседі.

Аустралия меринос қойларының саны жөнінен және жүн өндіруден дүние жүзінде бірінші орынды алады. Аустралияда қой шаруашылығын дамытуға қолайлы жайылымдық жерлер көп. Аустралияда 130 млн бас меринос қойы өсіріледі. Аустралия халқының көпшілігі теңізден 80 шақырымдық қашықтықта орналасқан, сол себепті ірі қалалардың барлығы осы белдеуде орналасқан. Ең ірі қалалары Мельбурн, Сидней. Аустралия Одағының елтаңбасында эму түйеқұсы мен кенгуру бейнеленген. Бұл жануарлар тек Аустралияға ғана тән.

**КОМПАС** – Жер бетін бағдарлауға, географиялық немесе магниттік меридианның бағытын анықтауға арналған аспап. Кішкене дөңгелек қобдишаның ортасында орнатылған тік үшкір иненің үстіне қондырылған магнитті болат тілі болады. Тілдің



бір жағы үнемі Солтүстікті, екінші жағы Оңтүстікті көрсетіп тұрады. Қобдишаның сыртқы дөңгелегі градусарға белінген (360°), горизонт жақтарында Солтүстікті, Шығысты, Оңтүстікті, Батысты көрсететін (С. В. Ю. З.) әріптері жазылған. Компастардың мынадай түрлері болады: магниттік компас; механикалық немесе гироскоптік компас; радиокомпас; астрокомпас.

Магнитті компас Қытайда ойлап табылған. Осыдан 4000 жыл бұрын қытай жазбаларында керуеншілер көздің қарашығындай сақтаған ақ балшықты құмыра туралы айтылады. Онда ағаш қалтқыда темірді жақсы көретін қоңыр тас жатыр. Ол қалай бұрылса да, жолаушыларға оңтүстік жақты көрсетеді.

**СІРІҢКЕ** - екі ғасыр бұрын ғана адамзат тұрмысына етене араласа бастады. Ал оның шығу тарихы 1669

жылы химик Брандтың фосфорды ашу уақытынан бастау алады. Ал 1680 жылы ирланд физигі Роберт Бойл (Бойль-Мариот заңымен аты шыққан) қағаз жолағын фосформен жауып оны күкірт басы бар ағаш сіріңкемен үйкеп отты тұтандырды, бірақ бұған еш мән бермеген еді.

1805 жылы француз химигі Жан Шансель күкірт,



калий хлориді және қант қоспасынан жасалған басы бар сіріңкенің өз нұсқасын ұсынды.

Сіріңкені жағу үшін күкірт қышқылының бөтелкесі өзімен болу керек еді, бұл бірінші кезекте өте қауіпті екіншіден қолайсыз болды. 1826 жылы дәріханашы Джон Уокер үйкеліспен жанатын сіріңкені ойлап тапты. Ол күкірт, калий хлораты, қант пен сурьфид қоспасынан сіріңке басын жасап, оны егеуқұмға (наждак) үйкеу арқылы тұтандырды. 1830 жылы француз химигі Шарл Заурия (немес Сория) сульфидті ақ фосформен алмастырды. Мұндай сіріңкелер бір қимылмен тұтанып жақсы жанды, бірақ ақ фосфордың иісі өте жағымсыз болды. Сондай-ақ ақ фосфор өте улы еді. Бір ғана сіріңке қорабында ақ фосфордың адам өлтіретін дозасы бар еді.

Улы және жанғыш ақ фосфордың орнын алмастыру оңай болған жоқ. Алайда, мұны тек швед химигі Густав Эрик Паш жасай алды, ол 1844 жылы бір қарапайым нәрсені түсінді: егер күкірт пен фосфор механикалық байланыста болған кезде сіріңке тұтанса, сіріңкенің басына фосфор салудың қажеті жоқ жай ғана құмқағазды сәл пайдаланса болғаны. 1853 жылы швед химигі Йохан Лундстрем құмқағаздағы және сіріңке басындағы ақ фосфорды қызыл фосформен алмастырды. Мұндай сіріңке қауіпсіз болды және оңай тұтанды. Бүгінге дейін еш өзгерместен жеткен «швед сіріңкесін» Йохан Лундстрем патенттеп алды.

Дереккөздері: мәліметтер: «В контакте»; «Википедия» ашық энциклопедиясы. Суреттер: «Egemen Qazaqstan» және «Айғақ» газеттері



# Ұлы адамдар өз ескерткішінің тұғырын өзі орнатады, ал мүсінін болашақ соғады

Қазақтың болашағы аухаттылардың байлығыменен емес, даналардың барлығыменен есептеледі.

**Төле би**

Әр елдің, әр халықтың есі кіріп, есейер кезі бар. Сол кезінде қай халық болса да өзінің елдік болашағын табан тірер тіршілік тиянақтарын ойланбай қойған емес...

**Ғабит Мүсірепов**

Кеше мен бүгін - біздің амалдарымыз; болашақ - біздің мақсатымыз.

**Блез Паскаль**

Болашағыңның өзгеруін қаласаң, сол өзгерісті тап қазір жаса.

**Махатма Ганди**

Ұлы адамдар өз ескерткішінің тұғырын өзі орнатады, ал мүсінін болашақ соғады.

**Виктор Гюго**

Біздің балалар - біздің қарттығымыз. Жаман тәрбие - болашақтағы қайғымыз, бұл - біздің көз жасымыз, бұл - басқалар алдындағы, бүкіл еліміз алдындағы біздің кінәмыз.

**Антон Макаренко**

Жастық шақ қазіргісін ғана ойласа, кемел жас бүгінгісін де, бұрынғысын да, болашағын да елеусіз қалдырмайды.

**Фернандо де Рохас**

Жастық - арман. Бұл - сенім. Бұл - ерлікке құштарлық. Бұл әрі лирика, әрі романтика. Бұл - болашақ жөніндегі үлкен-үлкен жоспарлар. Бұл - болашақ атаулының бастауы.

**Назым Хикмет Ран**

Тарих - біздің істеріміздің өткенінің куәсі, қазіргіміздің үлгісі мен өнегесі, ал болашағымыздың асыл қазынасы.

**Мигель де Сервантес**

Тарих дегеніміз - мәңгілік жасампаздық, мәңгілік болашақ және, соған сәйкес, мәңгілік қозғалыс. Табиғат болса - жасалып болған дүние, яғни, мәңгілік өткен шақ.

**Освальд Шпенглер**

Бақытты болашақтың ең басты негіздерінің бірі - бұл жалпыға бірдей жақсылық тілеу.

**Ілияс Есенберлин**

Ересек адамға бір нәрсе туралы кеңес беру қиын, өйткені ол бұрыннан қалыптасқан. Ал жастарға кеңес беремін - жастар болашақ туралы ойлануы керек. Барлығы әдемі болу туралы ғана емес - әдемі машина, әдемі үй. Даму туралы ойланыңыз - өзіңіз, балаларыңыз, еліңіз үшін.

**Бибігүл Төлегенова**

Сурет: [Aqibat-Kazgazeta.kz](http://Aqibat-Kazgazeta.kz)





@farabishakirti.kz  
f @farabishakirti.kz  
i @farabishakirti.kz

# Farabi shakirti

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ  
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА,  
АРДАҒЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ



## Кинематография прививает всем высокую культуру - Касым-Жомарт Токаев

В Алматы состоялось торжественное открытие XVII Международного кинофестиваля «Евразия». В честь мероприятия Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев направил поздравительное письмо, передает агентство Kazinform.

Поздравление зачитала министр культуры и информации РК Аида Балаева.

— Это уникальный проект, который представляет нашу культуру всему миру. В этом году празднование приурочено к 110-летию со дня рождения корифея казахстанского кинематографа Шакена Айманова и 90-летию со дня создания киностудии «Казахфильм». Это имеет большое символическое значение. Кинематография призывает общественность к творчеству и креативности, обучает лучшим качествам, тем самым прививая высокую культуру всей нации. Она также укрепляет культурные связи среди абсолютно разных народностей, — говорится в поздравительном письме.

Глава государства также отметил, что в стране придается большое значение поддержке национального кинематографа.

— В Казахстане ведется большая работа по развитию этой отрасли. Наши специалисты снимают кинокартины с глубоким смыслом, не отставая от старшего поколения в своем умении и мастерстве. Наши фильмы участвуют в престижных премиях по всему миру. Верю, что международный кинофестиваль «Евразия» раскроет истинные сердца и откроет путь лучшим проектам. Желаю вам много творений,

которые заставят зрителя задуматься о важном и дадут духовную пищу! — отметил Президент.

В свою очередь Аида Балаева отметила, что кинофестиваль «Евразия» является уникальным форумом, ставшим культурным брендом Казахстана и всей Центральной Азии. Она также подчеркнула, что будет продолжена работа по системному развитию отечественной киноиндустрии и совершенствованию законодательной базы.

Международный кинофестиваль «Евразия» пройдет с 24 по 30 ноября, в нем примут участие более 15 стран.

Мероприятие организовано Министерством культуры и информации РК и Национальной киностудией «Казахфильм» имени Шакена Айманова.

В рамках конкурса будут продемонстрированы 12 фильмов из разных стран, представляющих три континента.

Конкурс включает работы из разных стран, от Бангладеш и Южной Кореи до Австрии и Катара. Творческие коллективы из Европы, Азии и Ближнего Востока представят проекты, объединяющие универсальные темы с местным контекстом.

Ринат Дусумов, Kazinform.  
Фото: Акорда





**Ему всего 15, а он уже работает  
в ИТ-компании и делает стартап:**

## **ИСТОРИЯ ШКОЛЬНИКА ИЗ ТУРКЕСТАНА**

### **«ИТ ЗАИНТЕРЕСОВАЛСЯ ИЗ-ЗА FREE FIRE И PUBG»**

— Учусь в специализированной школе «Дарын» имени Нуртаса Ондасынова. Интерес к ИТ возник в 12 лет. Тогда в кругу друзей и знакомых набрали популярность мобильные игры Free Fire и PUBG. Однако мне было куда интереснее не просто играть в них, а разобраться с процессом создания.

Начал изучать язык программирования Python с помощью YouTube. Покупать курсы по ИТ не хотел, ведь все материалы можно найти в интернете, если правильно искать. Мне, например, изучить основы помогли видеоролики популярного программиста-блогера Олега Шпагина. После его уроков создал один из своих первых проектов — компьютерную игру «Пинг-понг». Она похожа на классический вариант игры Pong: один шарик движется по экрану, а игрок управляет ступенькой внизу. Задача — отбивать шарик и не дать ему упасть. Тут важна ловкость и реакция.

Игру на рынок выводить не стал. Моей основной целью при ее создании было изучить программирование на практике. К слову, сложностей особо не было: просто нужно следовать инструкциям из обучающего видео. Когда удалось все завершить и игра заработала, испытал огромное удовольствие и захотел еще больше освоить ИТ.

### **«ЗА ВЫПОЛНЕНИЕ ПЕРВОГО ЗАКАЗА НА БИРЖЕ ЗАПЛАТИЛИ 1800 ТЕНГЕ»**

— Начал изучать no-code технологии, потому что с ними можно создавать сайты и приложения без глубокого погружения в программирование. Параллельно занялся поиском работы, так как мне нужен прикладной опыт. С учетом того, что я несовершеннолетний, оптимальным вариантом стала российская биржа фрилансеров Kwork. Здесь возраст не имеет значения, поэтому сложностей при регистрации не возникло.

Мой первый заказ? Сделал простой сайт на Taplink для магазина спортивной обуви. Заплатили за работу 1800 тенге. Но даже такая сумма стала огромной мотивацией. Радовался, что ни возраст, ни отсутствие опыта не смутили заказчика, который честно оплатил работу.

Работал на бирже фриланса последние полтора года. Появились постоянные клиенты. Обычно там у меня заказывали создание сайтов, но в последнее время растет спрос на чат-ботов. В целом на бирже удавалось зарабатывать от 100 до 180 тысяч тенге в месяц. Решил, что нужно сосредоточиться именно на этом.

Полгода назад научился создавать чат-боты, интегрированные с искусственным интеллектом. Основы изучал на платформе Leadtex, а также

**Технологиями Отабек Мухитдинов увлекся в 12 лет. С тех пор он создал компьютерную игру «Пинг-понг» и Telegram-бота для водителей такси. Параллельно парень до недавнего времени работал на бирже фрилансеров, пока не устроился разработчиком чат-ботов в RUNA IT. При этом школьник — самоучка: программирование изучал по роликам на YouTube.**

**Отабек рассказал Digital Business, чем его привлекла ИТ-сфера, не смущает ли работодателей возраст и сколько уже удается зарабатывать. Поговорили о конкуренции с inDrive, желании запустить полноценный ИТ-продукт и поступить в Гарвард.**



посмотрел принципы работы с Telegram API. Эти знания позволили запустить в середине июля собственного Telegram-бота для таксистов. Технически он чем-то похож на inDrive. С его помощью водители и пассажиры могут найти друг друга в междугородних поездках.

### «БЛАГОДАРЯ TELEGRAM-БОТУ ПРЕДЛОЖИЛИ РАБОТУ В ИТ-КОМПАНИИ»

– Функционал работает следующим образом. Если водитель едет в Тараз, то нажимает кнопку «Создать заявку» и вводит детали поездки: маршрут (допустим, Туркестан – Тараз), время отправления и цену. Заявка сохраняется и доступна для просмотра.

Пассажир при запуске бота видит список доступных поездок в Тараз. Выбирает подходящую опцию и нажимает «Забронировать». Водитель получает уведомление с данными попутчика и его



контакты. Все сообщения об отправке и бронировании автоматизированы, что экономит время и исключает необходимость связываться по телефону. После завершения поездки водитель и пассажир могут оставить отзывы. Оплата происходит напрямую, бот не участвует в финансовых транзакциях. Все максимально удобно и быстро.

Сейчас у бота 15 пользователей, но я не запускал рекламу. Комиссии для водителей пока нет, планирую ввести минимальную – 1\$ за 7 дней пользования.

Вообще идея создание такого бота пришла от близкого человека. На ее реализацию понадобилось 20 дней и 8000 тенге. Делал все на платформе Leadtex. В качестве ментора мне помогал региональный менеджер Astana Hub по Туркестанской области

Галымжан Айткалиев.

Кстати, после того, как я попал в Turkestan Hub, меня пригласили на позицию разработчика в RUNA IT. Создаю там чат-ботов для автоматизации бизнеса. Основатель компании сам предложил вакансию после того, как познакомился со мной в хэбе – ему понравились мои кейсы. Плюс сыграл важную роль опыт создания своего Telegram-бота. У меня гибкий график работы, так как еще учусь в школе, и стабильный оклад. К сожалению, не могу сказать точную сумму.

### «МЕЧТАЮ ПОСТУПИТЬ В США И ПОПАСТЬ В СПИСОК FORBES»

– Меня мотивирует поддержка родителей. Они понимают, что ИТ – перспективная сфера. Постоянно спрашивают, нужна ли помощь или деньги на дополнительное обучение. Но я стараюсь не нагружать их и развиваться на собственные средства.

Успеваемость в школе из-за работы не страдает. Да

и время на общение с друзьями тоже нахожу. Удалось выстроить здоровый work-life balance. С этим сильно помогает дисциплина и четкий режим дня. Если понимаю, что засиделся за работой, то выключаю монитор и иду на улицу к друзьям играть в баскетбол.

Сейчас в планах улучшить скиллы в ИТ, поэтому глубже изучаю разработку мобильных приложений. Это no-code платформы и Python. С последним можно брать крупные проекты, тогда как no-code проще и ограничен в создании сложных решений. Хочу также сделать свой Telegram-бот популярным и запустить его как полноценный стартап.

После школы мечтаю поступить в Массачусетский технологический институт (MIT). Если не получится туда, то постараюсь пройти в Гарвард. А еще оказаться в список Forbes.

Ребятам, которые хотят попасть в ИТ, рекомендую начать с простых проектов и постепенно переходить к более сложным. Как говорил Стив Джобс: начинай с малого, но мечтай о великом. Я следую этому принципу. Еще очень важна дисциплина – сейчас интернет отнимает много времени. Считаю, можно проводить его с пользой и изучать полезные материалы. Также важно четко определить для себя, сколько часов вы уделяете увлечениям, отдыху и обучению. Найти удаленную работу сейчас несложно, главное освоить навыки.

Айнур Султанова,  
Digitalbusiness.kz



# Казахстанский стартап Call2action.ai покоряет США: 40 транспортных компаний заинтересованы в инновационном решении

Казахстанский стартап Call2action.ai, резидент международного технопарка Astana Hub, активно масштабирует свою деятельность на американском рынке. Более 40 транспортных компаний США выразили интерес к инновационному продукту: две из них стали клиентами на коммерческой основе, а три сотрудничают в рамках пилотных проектов.

Call2action.ai представляет собой первое в мире решение на основе генеративного искусственного интеллекта (GenAI), разработанное специально для автоматизации найма в транспортной и логистической отраслях. Стартап предлагает готовое к использованию SaaS-решение, которое делает процесс найма не только удобным, но и экономически эффективным.

Рабочие гипотезы проекта доказали свою состоятельность, что позволило команде активно наращивать трекшн. В результате стартап открыл




результатов всего за несколько месяцев: более 40 транспортных компаний проявили интерес, с двумя из которых были заключены контракты, а три запустили пилотные проекты. У нас есть потенциальные инвесторы для pre-seed раунда, а также внимание крупных японских корпораций, таких как Persol Group и Mitsui Group. При таком спросе мы рассчитываем, что наш продукт будет оценен в миллиард долларов уже через несколько лет», - отметил Ерсултан Джусакинов, CEO и сооснователь Call2action.ai.

Команда Call2action.ai активно развивает сотрудничество с инновационными центрами в США, включая Silkroad Innovation Hub, основанный выходцами из Центральной Азии. Стартап уже продемонстрировал свой потенциал на крупнейших международных выставках, таких как TechCrunch Disrupt и CESV 2024, зарекомендовав себя как перспективный игрок на глобальном рынке. Кроме того, Call2action.ai был отобран в акселерационную программу от Mitsui Group, которая стартует в 2025 году.

Напомним, что ранее 22 перспективных стартапов из Центральной Азии, включая Call2action.ai, получили возможность пройти акселерационные программы в Кремниевой долине (США) в рамках AlchemistX & Silicon Valley Residency Program. Эти программы были запущены Astana Hub и Silkroad Innovation Hub при поддержке МЦРИАП РК, Всемирного банка и проекта FPIP.

**GOV.KZ** Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан



инвестиционный раунд и ведет переговоры с венчурными фондами и бизнес-ангелами. Некоторые из них уже выступают в роли местных эдвайзеров и планируют присоединиться в качестве инвесторов.

«Американский рынок значительно отличается от казахстанского, но мы увидели огромный потенциал для трансформации процессов найма в транспортной и логистической сферах. Благодаря участию в программе Silicon Valley Residency Program при поддержке Astana Hub и Министерства цифровизации, мы прошли акселерацию в Кремниевой долине и достигли значительных



# ЗАКОН И ПОРЯДОК:

## СИСТЕМА РАСПОЗНАВАНИЯ ЛИЦ НАЧАЛА РАБОТАТЬ В ДВУХ МЕГАПОЛИСАХ КАЗАХСТАНА

Национальная система видеомониторинга запущена в двух городах Казахстана. Инновационный проект разработан в сотрудничестве Министерства внутренних дел, Комитета национальной безопасности и Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности, сообщает пресс-служба ведомства.

Национальная система видеомониторинга с применением технологий искусственного интеллекта позволяет распознавать разыскиваемых лиц, сигнализировать об оставленных предметах в общественных местах, фиксировать правонарушения в автоматическом режиме. Также «компьютерное зрение» позволяет по марке, модели и цвету идентифицировать автотранспорт.

Под пристальным вниманием «умных» камер находятся объекты как ЖД вокзалы, аэропорты, гостиницы, улицы, перекрестки, ТРЦ.

Цифровые «сторожи» уже показали свою эффективность. Во время проведения Всемирных игр кочевников в Астане удалось оперативно найти потерявшихся в толпе детей, а также лиц, состоящих на учете, без вести пропавших.

При помощи системы видео-аналитики в Астане оперативно распознано и задержано 46 разыскиваемых правонарушителей. Аналогичная

работа проводится в Алматы, где на сегодняшний день установлено и задержано 30 таких лиц.

Внедряемые технологии – новый шаг к созданию умных городов, который позволит повысить уровень общественной безопасности и снизить преступность. Подобные системы активно применяются в Китае, России и странах Европы. Казахстан уверенно становится частью этой мировой тенденции, адаптируя лучшие практики. В дальнейшем планируется расширение видеомониторинга с увеличением количества камер. Это будет происходить поэтапно.

На сегодняшний день вне зависимости от формы собственности в стране имеется 1 млн 359 тысяч видеокамер, из которых 310 тысяч выведены в ЦОУ и дежурные части полиции.

Инновационные возможности – большое подспорье в противодействии преступности и обеспечении общественной безопасности в местах массового скопления людей. Главная цель внедряемых систем – создать условия, чтобы каждый гражданин чувствовал себя защищенным в обществе, где царит закон и порядок.

**Служба центральных коммуникаций  
при Президенте Республики Казахстан**







# Top 2024 Trends in Educational Technology

**Trends are like a snapshot of a changing world. The next moment, the snapshot will be different. We have yet to determine which trends will persist and define the context, and which will change course under the influence of other factors. Sometimes, we can make mistakes.**

## Current Trends in Educational Technology

### 1. Unconventional Platforms

Can platforms like TikTok offer educational value? Absolutely. The education technology landscape is rapidly evolving, expanding beyond conventional online learning tools to include platforms such as TikTok, YouTube, Audible, and Instagram.

With digital natives increasingly seeking out these unconventional sources for their learning needs, EdTech innovators should create new types of educational platforms. Solutions that captivate their audiences and deliver education through entertaining and fresh formats.

### 2. Artificial Intelligence

Artificial intelligence isn't just a tool, it's a new dimension of education. It's becoming a key player in the education sector, opening up new perspectives and posing interesting challenges to modern teaching methods.

**Interesting Stats:** According to surveys conducted by Forbes, 60% of educators have already integrated AI into their teaching methods.

What are the prospects for using artificial intelligence in education?

**Personalized learning:** Artificial intelligence allows you to adapt educational materials and methods to the individual needs of each student. Such personalized learning contributes to more effective assimilation of the material and increases motivation for learning.

**Automation and optimization:** This education technology can save teachers time by performing routine tasks such as

checking tests and creating a schedule. This gives teachers more time to work on the quality of education and interact with students.

**Interactive teaching materials:** Thanks to artificial intelligence technologies, you can create interactive lessons, simulators, and virtual master classes, making online learning more engaging and understandable.

**Content generation:** Have you ever tried to draw a picture using AI? The resulting images can be useful, for example, for illustrating some schemes or presentations. The advantages of using AI technology in this case are obvious – the creative task will be solved much faster than without a machine assistant.

### 3. Datafication And Learning Analytics

**Interesting Stats:** Based on the latest stats, the knowledge retention level increased from 25% to 60% in the last 10 years. This is mostly thanks to the fact that we have the opportunity to analyze student data and improve how we teach.

Datafication is really a huge trend in the education sector. It's all about turning various learning aspects into quantifiable data, which then gets analyzed for insights into student performance, engagement, and learning patterns. This paves the way for learning analytics, which predicts outcomes and tailors educational experiences.

One of the coolest perks of learning analytics is personalized learning. By diving into data on how students engage with content, educators can tweak their teaching





to fit individual needs, help struggling students, challenge high-performers, and fix curriculum gaps.

#### 4. Immersive Learning

This education technology, rooted in behavioral and cognitive science, makes training super engaging and effective by simulating real-world scenarios.

Interesting Stats: VR learners feel way more connected to the training — like 3.75 times more than in regular classrooms and 2.3 times more than with e-learning.

This emotional connection means they remember and apply what they've learned way better.

##### Immersive Learning Stats 2024

It's no wonder big names like Verizon and Walmart are on board. When employees put on a virtual reality headset, they feel like they're actually on the job, practicing both operational and soft skills. Plus, the data from virtual reality training helps companies fine-tune their methods and boost performance. And get this: studies show that immersive learning significantly improves engagement, preparedness, and knowledge retention.

#### 5. Digital Twins

Digital Twins is a pretty new technology in education. They use augmented reality and VR to create super immersive learning experiences. Imagine learning to use a lathe machine, but instead of just watching a video, you're in a full-on simulation where you can see everything from every angle.

Interesting Stats: More than 40% of US manufacturers are expected to implement digital twin technology by 2025 for their training needs.

This education technology is being used in everything from cooking classes to engineering lectures, making learning way more hands-on and interactive. It's like turning online lessons into virtual field trips where you actually get to do stuff, not just watch. More and more

universities are jumping on this trend, making remote learning feel a lot more real and engaging.

#### 6. Chatbots & AI Assistants

The Daily Mail reports that for the first time, Harvard University's introductory programming course was taught by a chatbot during the 2023-2024 academic year. It's expected that the neural network will lighten the teachers' workload and assist students in mastering the course, all while providing constant access to educational materials.

The chatbot can find errors in code, explain confusing parts, and provide feedback on programs. However, Harvard acknowledges that the bot isn't perfect yet. The university is also experimenting with OpenAI's GPT-3.5 and GPT-4 models.

Interesting Stats: More than half of the students (55.9%) have a positive attitude towards the use of AI chatbots in education.

#### Benefits of Using AI Chatbots in Education

Despite all the benefits, the use of chatbots in educational institutions faces challenges. Among them are the need to establish and constantly update programs, ensure the security and privacy of data, and the need to improve algorithms for the most effective interaction with users.

In the future, chatbots can become even more integrated and complex, learning from large amounts of data and improving their skills in interacting with users. Such technologies will contribute to achieving the highest quality of education and improving the learning process.

<https://www.educate-me.co/blog/trends-in-educational-technology>

Photos from websites: Университетская книга;  
Optimism.kz



**«Қаратау»  
Мемлекеттік табиғи қорығы  
Түркістан облысы**

Дереккөзі: [karatau-gpz.kz](http://karatau-gpz.kz); [Klau.club](http://Klau.club)

